

Академиялық саясат

КЕЛІСІЛДІ

Сенат шешімімен
Төраға

Омаркулов Б.К.
«29» 05 2025ж.
№ 10 хаттама

БЕКІТІЛДІ

Басқарма шешімімен
Басқарма Төрағасы-Ректор м.а.



Риклефс В.П.
«29» 06 2025ж.
№ 06 хаттама

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Құрастырған (дар):

Шарапиева С.Б.

Қолы: *СШ*

Ташкенбаева В.Б.

Қолы: *ВБ*

Айтмағамбетов А.Р.

Қолы:

Букеева А.С.

Қолы: *АС*

Бокаева А.Б.

Қолы: *АБ*

Гизатова О.С.

Қолы: *ОС*

Ғиса Д.М.

Қолы: *ДМ*

Даулетқалиева Ж.А.

Қолы: *ЖА*

Ерназарова М.А.

Қолы: *МА*

Кемелова Г.С.

Қолы: *КС*

Камарова А.М.

Қолы: *АМ*

Омаркулов Б.К.

Қолы:

Калина А.С.

Қолы: *АС*

Клюев Д.А.

Қолы: *ДА*

Кошмағанбетова А.Б.

Қолы: *АБ*

Казиева М.О.

Қолы: *МО*

Түлебаев Е.А.

Қолы: *ЕА*

Сарсенбаев К.К.

Қолы: *СК*

Унгарбаева А.А.

Қолы: *АА*

Шарапиева Ж.Б.

Қолы: *ЖБ*

Келісілді:

Толубеков К.К.

Қолы: *КТ*

Карев О.В.

Қолы: *ОВ*

Мазмұны
Академиялық саясат

№	Құжат атауы
1	Мазмұны
2	Негізгі ереже
3	Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат
4	Академиялық адалдық кодексі
5	Білім беру бағдарламасы
6	Оқу процесін ұйымдастыру
7	1 курс білім алушыларына бағдар беру апталығы
8	Білім беру траекториясын қалыптастыру тәртібі
9	Оқу пәндеріне жазуды ұйымдастыру
10	Әр түрлі педагогикалық әдістер мен оқыту формаларын қолдану
11	Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру
12	Білім алушылардың үлгерімін бағалаудың рейтингтік жүйесінің ережелері
13	Аралық аттестаттауды өткізу
14	Жазғы семестрді ұйымдастыру
15	Пәндерді қайта өту, академиялық айырмашылықтарын жою ережелері
16	Дипломдық жұмыстарды дайындау туралы ереже
17	"Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу
18	Білім алушылардың өкілдігінің саясаты және олардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, басқаруға және бағалауға қатысуы
19	Қабылдау ережелері, білім алушылардың ілгерілеуі, сертификаттау
20	Формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану ережелері
21	Білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау және оқудан шығару қағидалары
22	Білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары
23	Білім алушыларға академиялық кеңес беру
24	Білім беру ресурстарын жоспарлау және қамтамасыз ету
25	Қашықтықтан оқыту туралы ереже
26	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру қағидалары
27	Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру қағидалары
28	Жұмыстардың түпнұсқалығына тексеру жүргізу қағидалары мен тәртібі
29	Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру туралы ереже
30	Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды беру, «ҚМУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың стипендиясын беру қағидалары
31	Білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру қағидалары
32	Дуальды оқыту туралы ереже
33	Ақпаратты басқару саясаты

2. Негізгі ереже

1. Осы Академиялық саясат (бұдан әрі – Саясат) ҚР БҒМ және ҚР ДСМ нормативтік құжаттарының талаптарына, Білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне және «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет немесе «ҚМУ» КеАҚ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат университеттің стратегиялық мақсаттары мен миссиясымен анықталады және білім беру сапасын арттыруға және орталықтандырылған оқытуды жүзеге асыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және оқу процесін тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, ережелер мен басшылық қағидаттарының жүйесін білдіреді.

3. Саясаттың мақсаты еңбек нарығының, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыратын, сондай-ақ үздік әлемдік практикаларға сәйкес келетін кәсіптік білім берудің барлық деңгейлерінде жоғары сапаға қол жеткізу болып табылады.

4. Университет академиялық қызметтің келесі басшылық принциптерін анықтайды:

1) барлық білім алушыларға сапалы және қолжетімді білім алу үшін тең мүмкіндіктер беру;

2) ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, гендерлік белгілері, әлеуметтік жағдайы, дене мүмкіндіктері, жасы және басқа да субъективті өлшемшарттары бойынша кемсітушілікке жол бермеу болып табылады;

3) жеке оқу траекторияларын таңдау және элективті пәндерді таңдау және электрондық оқу порталында білім алушылардың өз прогресін қадағалау арқылы қажетті дағдыларды дамыту кезінде білім алушыларға академиялық еркіндік беру;

4) білім, ғылым және практикаға инновацияларды енгізу арқылы ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің талаптарына және халықаралық стандарттарға сай келетін кәсіпқойларды даярлау;

5) академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және ғылыми және білім беру қызметінде алдау мен алаяқтықтың кез келген түріне төзбеушілік таныту;

6) мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету.

5. Саясат білім алушыларға, профессорлық-оқытушылық құрамға, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

6. Саясат Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік актілер, университет жарғысы және стратегия өзгерген, білім беру бағдарламаларының талаптары қайта қаралған жағдайда, сондай-ақ халықаралық институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеу қорытындылары бойынша ұсынымдар шеңберінде қайта қаралуы мүмкін.

3. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат

1. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат университеттің миссиясын іске асыруға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және халықаралық стандарттарға сәйкестікке бағытталған. Университетте сапаны қамтамасыз ету үшін маңызды бағдар «Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары» (ESG) талаптары болып табылады.

2. Сапаны қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары болып табылады:

1) Студентке бағытталған оқыту. Университет білім алушылардың жан-жақты кәсіби және жеке дамуын қамтамасыз ете отырып, тиімді оқыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Университет миссиясына сәйкес, қоғамның өзекті қажеттіліктеріне жауап бере алатын мамандарды даярлау басымдық болып табылады.

2) Оқытушылар құрамының құзыреттілігі. Университет оқытушылар құрамына біліктілікті арттыру бағдарламаларына қол жеткізуге мүмкіндік бере отырып, олардың тұрақты кәсіби дамуы үшін жағдай жасайды.

3) Заманауи білім беру технологиялары. Университет тиімді оқыту әдістерін пайдалануға бағытталған инновациялық технологияларды белсенді түрде енгізеді.

4) Академиялық адалдық және әдеп. Университет академиялық адалдықты қолдайды және плагиатпен және басқа да жосықсыз әрекеттермен күреседі.

5) Ғылыми зерттеулер және ғылымды оқытуға интеграциялау. Университет миссиясы білім алушылар мен оқытушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтиды, бұл ғылыми жетістіктерді оқыту үдерісіне енгізуге ықпал етеді.

6) Инфрақұрылым және білім беру ортасы. Университет білім алушылар мен оқытушыларды заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді және табысты оқыту үшін жағдай жасайды.

7) Сапаны бағалау және бақылау. Университет білім беру процесінің сапасына жүйелі түрде мониторинг және бағалау жүргізеді. Оқыту мен оқытудағы кемшіліктерді уақытылы анықтауға және түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс тетіктері енгізілген. Сапаның жоғары стандарттарына қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы аудиттерді, білім алушылар, оқытушылар және басқа да мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізуді қоса алғанда, объективті бағалау құралдары қолданылады.

8) Үздіксіз жетілдіру. Университет оқытудың заманауи әдістемелерін, технологиялары мен тәсілдерін енгізе отырып, білім беру процесінің барлық аспектілерін үздіксіз жақсартуға ұмтылады. Бағалау іс-шараларының нәтижелерін, білім алушылар мен оқытушылардан алынған кері байланысты, сондай-ақ сыртқы тексерулердің нәтижелерін жүйелі талдау оқу бағдарламалары мен әкімшілік процестерге өзгерістер мен жақсартулар енгізуге мүмкіндік береді.

3. «ҚМУ» КеАҚ білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясатының міндеттері:

1) университет білім алушылары үшін кәсіби және жеке қасиеттерді, азаматтық ұстаным мен патриотизмді дамытуға, шығармашылық әлеуетін іске асыруға арналған орта құру;

2) білім сапасына кепілдік беру мақсатында білім, ғылым және практиканы интеграциялау;

3) тиімді кадр саясатын құру;

4) студентке бағытталған оқытуды ұйымдастыру;

Академиялық саясат

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету

саласындағы саясат

5) білім беру процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидатын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа тиімді қарсы іс-қимылға және академиялық адалдықты қолдауға бағытталған шараларды қабылдауға және нығайтуға жәрдемдесу;

6) сапаны сырттай қамтамасыз етуден өту.

4. Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету саясаты университеттің сапа саясатының бағыттарын анықтайды, ұлттық және институционалдық контексті, халықаралық стандарттар мен критерийлердің талаптарын есепке ала отырып, ғылыми зерттеулер, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетеді және университеттің Миссиясына сәйкес келеді.

5. Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыру жолдары:

1) ұлттық және халықаралық стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын үнемі қарап шығу;

2) оқу үдерісін үнемі бақылау, оқушылар мен оқытушылар арасында сауалнамалар жүргізу;

3) плагиат пен этикалық бұзушылықтарды болдырмау шараларын қолдану;

4) профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

5) жабдықтарды, оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарды жаңарту;

6) оқу үдерісін жетілдіруге оқушылардың, оқытушылардың және жұмыс берушілердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

7) инновациялық оқыту әдістерін және ғылыми-зерттеу жобаларын қолдау;

8) оқушылардың жетістіктерін бағалаудың тиімді және ашық жүйесін құру;

9) білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының жаңа талаптары мен шақыруларына бейімдеу;

10) білім беру бағдарламаларының сапасын сыртқы бағалау жүйесін қолдану: халықаралық талаптарға сәйкестігін растайтын аккредитация, рейтингтерге қатысу.

6. Осы саятаның ережелерін орындауға жауапкершілік университет басқармасына, Сенатқа, факультеттерге, сондай-ақ барлық оқытушылар мен студенттерге жүктеледі. Сапа саяты білім беру үдерісінің барлық деңгейлеріне қолданылады және университеттің миссиясы мен ESG талаптарын ескере отырып, үнемі қаралып, жаңартылуы тиіс.

Академиялық адалдық кодексі

1. Жалпы ережелер

1. «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Академиялық адалдық кодексі (бұдан әрі - Кодекс) келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленіп құрастырылған:

1) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;

2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

3) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

4) Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы;

5) Академиялық адалдық лигасының Жарғысы және стандарттары;

6) «ҚМУ» КеАҚ-ның Жарғысы;

7) Білім беру саласындағы басқа да құқықтық-нормативті актілер.

2. Кодекс кәсіби қоғамдастықтың ар-намысы мен этикасының негізгі ұғымдарын, академиялық адалдық қағидаларын, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қатынастардың ережелерін анықтайды, академиялық адалдық тұрғысынан білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді, академиялық адалдықты бұзушылықтардың түрлері мен олар жасалған жағдайда шаралар қабылдау тәртібін анықтайды.

3. Осы кодекстің мақсаты академиялық тұтастықты қамтамасыз ету, адалдық, этикалық бұзушылықтардың кез-келген көріністерін болдырмайтын, тұрақты моральдық ұстанымды қалыптастыру мақсатында білім беру процесіне қатысушылардың мінез-құлқын реттейтін ережелерді құру болып табылады.

4. Академиялық адалдық саясатын іске асырудың міндеттері мамандарды, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау сапасын жақсартуға көмектесу, білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлердің академиялық тұтастығын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау, проблемалық мәселелермен жағдайларды шешу арқылы академиялық адалдықты бұзу жағдайларының алдын алу болып табылады.

5. «ҚМУ» КеАҚ академиялық адалдық лигасының мүшесі бола отырып, өз міндеттерін адал орындауға кепілдік береді және академиялық адалдықты алға жылжыту және қорғау білім беру процесіне қатысушылардың өзара күш-жігерінің нәтижесі екенін мойындайды.

2. Негізгі анықтамалар

6. Осы Кодексте пайдаланылатын анықтамалар:

1) **Академиялық адалдық** – білім беру бағдарламаларын игеру және оқу іс-әрекетін жасаудағы, оның ішінде жазбаша жұмыстарды орындау кезінде (бақылау, курстық жұмыстар, эссе, диплом, диссертация) мінез-құлық стандарттарын, сонымен қатар алдаудың кез келген түрімен оқу нәтижелерін, педагогикалық және/немесе зерттеу жұмыстарының нәтижелерін алуды болдырмайтын, білім алушы мен оқытушының мінез-құлқының стилі мен мазмұнын белгілейтін құндылықтар мен принциптердің жиынтығы.

2) **Оқу процесіне қатысушы** – университет білім алушы, профессорлық-оқытушылық құрамы және қызметкерлері.

3) **Білім алушы** – «ҚМУ» КеАҚ-ның кез келген деңгейінде білім алатын тұлға.

4) **Профессорлық-оқытушылық құрам** – университеттің педагогикалық штаты, оның ішінде оқытушылар (*қараңыз - оқытушы*), кафедра меңгерушілері, департамент, бөлім басшылары, профессорлар, қауымдастырылған профессорлар (доценттер), аға оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, клиникалық тәлімгерлер, жаттықтырушылар.

5) **Оқытушы** – өзінің мамандығына, ғылыми біліктілікке және еңбек шартының талаптарына сәйкес жоғары оқу орнына дейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды дайындайтын университеттің ғылыми-педагогикалық қызметкері.

6) **Қызметкер** – университеттің әкімшілік-басқарушылық қызметі немесе оқыту-көмекші персоналы.

7) **Жалпы бақылау** – ағымдық, аралық, қорытынды бақылау және қорытынды аттестаттауды жүргізу кезінде университетте білім беру процесінде қолданылатын мониторинг процедуралары.

8) **Құжаттамалық бақылау** – жалғандық пен плагиаттың алдын-алу мақсатында құжаттардың шынайылығын, нақтылығы және түпнұсқалығын анықтау мен талдау негізінде жүзеге асырылатын бақылау түрі.

9) **Бағаланған жұмыс** – белгілі бір оқу кезеңінде академиялық жетістіктерін (жазбаша жұмысы, бақылау жұмысы, зертханалық жұмысы, практикалық жұмысы, өзіндік жұмысы, зерттеу жұмысы, тесттер, курстық жұмысы, диссертация, жобалар және т.б.) анықтау үшін ағымдағы және қорытынды бақылау аясында орындайтын жұмысы немесе тапсырмасы.

10) **Дәйексөз (сілтеме, citation)** – дереккөзге сілтеме, пайдаланылған материал білім алушының материалы емес екендігі туралы нұсқау. Дәйексөз жолдары: төл сөз, жанама сөз.

11) **Реферат жасау:** егер мәтіндегі мәлімдеме көрсетілмесе, онда автор басқа адамдардың идеяларына немесе ақпараттарына сілтеме жасайды.

12) **Анықтама/сілтеме (reference)** – жұмыста пайдаланылған дереккөз туралы толық мәліметтер. Егер шығармада дереккөз айтылмаса немесе келтірілмесе, сілтеме жасалмауы керек.

13) **Бігіру жұмысы** – дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік диссертация (жоба).

3. Білім беру процесіне қатысушылардың академиялық адалдық принциптері

7. Білім беру процесіне қатысушылардың Академиялық адалдық принциптері:

1) **Академиялық адалдық.** Академиялық адалдық университеттің академиялық және ғылыми процесінің негізі болып табылады.

2) **Білім сапасы.** Университет тек ең жақсы білім алушыларға оқуын аяқтауға мүмкіндік береді және оқыту сапасына толық жауап береді, ол «ҚМУ» КеАҚ-ның дипломымен расталады.

3) **Стандарттардың сақталуы, автордың және оның мұрагерлерінің құқықтары.** Академиялық адалдықтың айқын, әділ және объективті стандарттарын сақтау және бағаланатын және/немесе көпшілік назарына ұсынылған туындыларда біреудің сөзі, ойлары мен ақпарат көздерін дұрыс беру арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын шығармалардың авторлығын тану.

4) **Жауапкершілік.** Білім беру процесіне әрбір қатысушы өз міндеттерін адал орындауға кепілдік береді және академиялық және/немесе ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін берілген барлық жазба жұмыстарына (сипатына, мазмұны мен көлеміне қарамастан) плагиатқа тексерілгеніне кепілдік береді.

5) **Тәуелсіздік.** Оқу материалын игеру үшін білім алушы алған және оқу жетістігі ретінде бағаланатын тапсырмалар бойынша жұмыста: білім алушы жеке тапсырманы дербес орындайды немесе жоба бойынша топтық жұмысқа өз үлесін қосады, оның дәрежесі де бағаланады.

6) **Менторлық/тәлімгерлік.** Университет оқытушылары академиялық адалдық қағидалары мен стандарттарына жауапкершілікпен қарауға, олардың бұзылуына шыдамауға, өзара құрмет пен әділеттілік сезімдерін тәрбиелей отырып, ментор (тәлімгер) рөлін атқарады.

7) **Ашықтық.** Білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында ақпараттар мен идеялармен еркін алмасу және шынайылық.

8) **Теңдік.** Білім беру процесінің барлық қатысушыларының құқықтары мен еркіндіктерін өзара құрметтеу, олардың осы Кодекске сәйкестігі және бұзушылықтар үшін бірдей жауапкершілік артуы.

9) **Талап.** Білім беру процесінің әрбір қатысушысы өзіне және өз білім алушыларына оқу нәтижелерін әділ және объективті бағалау жүйесі аясында қатаң талаптар қояды.

4. Академиялық адалдық кодексін сақтау бойынша «ҚМУ» КеАҚ оқу үдерісіне қатысушылардың құқықтары және міндеттері

8. Білім беру процесінің барлық қатысушылары құқылы:

- 1) Осы Кодекспен танысуға;
- 2) білім беру процесіне қатысушыларынан академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын сақтауды талап етуге;
- 3) білім беру процесінде өз пікірін еркін білдіру, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, бедел мен басқа адамдардың құқықтарын қорғау мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген этикалық нормалар мен шектеулерді сақтау шартымен ғылыми, білім беру ақпараттары мен идеяларын кедергісіз қабылдауға, алуға және таратуға;
- 4) академиялық адалдық саласындағы қатынастарды реттейтін құжаттардағы кез келген өзгерістер және/немесе жаңалықтар туралы ақпарат алуға;
- 5) академиялық адалдыққа қатысты істерді қарауды бастағанда немесе аяқталғанда құпиялылыққа кепілдік беруге.

9. Білім алушы құқылы:

лицензиялық ақпараттық бағдарламаларды пайдалана отырып, дәйексөздерді құрастыруға, өзіндік бақылауды және өз жұмыстарын тексеруге көмек алуға.

10. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы құқылы:

- 1) академиялық адалдық қағидаларына сәйкестігіне білім алушылардың оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарына (рефераттар, курстық жұмыстар, эсселер, тәжірибе бойынша есептер, дипломдық және диссертациялық жұмыстар, ғылыми мақалалар) сараптама жүргізуге;
- 2) жазбаша жұмыстарды, диссертацияларды, түпнұсқалық жобаларды тексеруге лицензиялық ақпараттық бағдарламаларды қолдануға үйретуге көмек алуға.

11. Университеттің оқу - көмекші персоналы құқылы:

- 1) ағымдағы міндеттер және оларды сапалы орындау үшін мерзімі туралы нақты ақпарат алуға.

12. Университеттің әкімшілік-басқарушылық құрамы құқылы:

өз құзыреті шегінде академиялық адалдық қағидаларын қамтамасыз ететін және білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін міндетті бөлімдердің жұмысын регламенттейтін актілер шығару.

13. Білім беру процесінің барлық қатысушылары міндетті:

- 1) академиялық адалдық қағидаларын ұстануға;
- 2) нақты және сенімді ақпарат көздерін пайдалануға;
- 3) білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста кәсіби этика нормаларын сақтауға;
- 4) өз міндеттері шегінде осы Кодекстің бұзылуының кез-келген мүмкіндігінің алдын алуға;

14. Сонымен қатар білім алушылар міндетті:

- 1) авторлыққа және басқа адамдардың идеяларына сілтеме жасай отырып, жеке және оқу жоспарларында қарастырылған жазбаша жұмыстарды (рефераттар, эссе, курстық жұмыстар, очерктер, тәжірибе бойынша есептер, дипломдық және диссертациялық жұмыстар, ғылыми мақалалар) орындауға;
- 2) Университетте белгіленген және ол алдын-ала танысқан критерийлерге сәйкес қатаң бағалауды талап етуге;
- 3) бағаланатын жұмыстың барлық түрлерін өз бетінше орындауға;
- 4) оқытушымен алдын ала талқыланған жағдайларды қоспағанда, бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде жасанды интеллектті заңсыз пайдалануға жол бермеуге; оқытушымен алдын ала талқыланған жасанды интеллектті пайдаланған жағдайларда нейрожелі құрған мазмұнды белгілеуге.

15. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы міндетті:

- 1) академиялық бақылауды және білім алушылардың білімі мен дағдыларын университетте алдын ала танысқан критерийлерге сәйкес қатаң түрде жүргізуге;
- 2) тиісті академиялық және ғылыми дәлелдер негізінде оқу материалдарын өз бетінше әзірлеу;
- 3) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде алдын-ала жарияланбаған критерийлерді қолданбауға;
- 4) оқу жетістіктерін бағалауда объективті болуға, олардың қайдан келгеніне қарамай, өтініштерді ескермеуге, академиялық саясатта (тәртіп саясаты) белгіленген критерийлерді басшылыққа алуға;
- 5) оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің материалдарымен жұмыс жасау кезінде ақпараттық қауіпсіздік пен құпиялылық талаптарын қатаң сақтауға;
- 6) білім алушыларға өз құзыреті шегінде оқу процесінің барлық аспектілері туралы шынайы ақпарат беруге және оқытылатын пәннің силлабусына сәйкес оқу мен бағалаудың формалары мен әдістерін пайдалануға;
- 7) нақты және сенімді дереккөздерді іздеуді және таңдауды, сілтемелер мен дәйексөздерді қалай қолдануға болатындығын үйретуге, халықаралық ұсыныстарға негізделген дәйексөз ережелері;
- 8) университеттің электрондық жүйелерінің техникалық жай-күйіне байланысты жағдайларды қоспағанда, академиялық саясатта (пән саясатында) белгіленген өлшемшарттарды басшылыққа ала отырып, білім алушыларға қойылған бағаны айтуға және оған түсініктеме беруге; "күн-күн" Электрондық журналына баға қоюға;
- 9) объективті емес және дәлелденбеген себептер бойынша білім алушыларға бұрын айтылған бағалардың өзгеруіне жол бермеуге.

16. Университеттің оқу - көмекші персоналы міндетті:

1) оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің материалдарымен жұмыс жасау кезінде ақпараттық қауіпсіздік пен құпиялылық талаптарын қатаң сақтауға.

17. Университеттің әкімшілік - басқару құрамы міндетті:

1) Кодекс бұзылған жағдайда осы Кодексте көзделген шараларды қолдану жөніндегі жұмысты үйлестіруге;

2) академиялық адалдықты бұзу фактілерін анықтау процесінде туындайтын жанжалды жағдайларды осы Кодекске, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және университеттің өзге де ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес шешуге;

3) академиялық адалдық қағидаларының бұзылғаны туралы есеп жүргізуге.

18. Білім беру процесінің барлық қатысушылары болдырмауға міндетті:

1) осы Кодекстің 28-тармағында көрсетілген құрылғыларды бақылаудың барлық түрлерінен өту кезінде және ақпаратты алудың және/немесе оны басқа біреуге берудің басқа да заңсыз тәсілдерін пайдалануды;

2) оқу процесінде, оның ішінде емтихан кезінде басқа білім алушыларға есептер шығару және көмек сұрау, сонымен қатар емтихан/рубеждік бақылау кезінде басқа адамға мәліметтер немесе көмек көрсетуді;

3) қабылданған Академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекеттер жасауға көмектесуді;

4) фактілерді қолдан жасау және бұрмалауды (дұрыс емес мәліметтерді беруге тырысу, бағалау немесе тапсырма жауаптарын, жазбаларды, құжаттардағы қолтаңбаларды бұрмалау және т.б.);

5) тапсырмаларды, тапсырмаларға жауаптарды, дайын жұмыстарды сатып алуға және/немесе сатуға, академиялық жұмыстарды жалдамалы орындаушыларды пайдалануға сатылымға немесе өзге де көмек жолдарына жол бермеуге тиіс.

19. Білім беру процесінің барлық қатысушылары Кодексті бұзды деген негізсіз айыптаулардан барлық заңды жолмен қорғалуға құқылы.

5. Бұзушылықтардың түрі

20. «ҚМУ» КеАҚ-ның білім алушылары, ПОҚ мен қызметкерлерінің академиялық адалдық тұтастығын бұзудың түрлері:

1) **Плагиат:** авторлық куәлігінсіз немесе дереккөзін көрсетпей басқа көздерден материалдарды жартылай немесе толық иемдену. Плагиат – бұл басқа авторлардың туындылары мен идеяларын әдейі өз атынан ұсыну.

Плагиат әр түрлі формада болуы мүмкін:

- міндетті тыныс белгілерін (тырнақша) пайдаланбай және/немесе дереккөзін көрсетпей дереккөзден дәйексөзін алу;

- басқа біреудің жұмысын авторды көрсетпестен өзіндік жұмыс ретінде пайдалану;

- дереккөзге сілтеме жасамай жұмысты тұжырымдау;

- жұмыстың мазмұнының көшіру арқылы ауыстыру;

- дереккөзге сілтеме жасамастан біреудің идеясын не дәлелін пайдалану немесе пайдаланылған дереккөздер тізімінде автордың болмауы;

- басқа тұлға толығымен немесе ішінара жазған жазбаша жұмысын өзіндік етіп ұсыну;

- басқа курсқа (автоплагиат) арналып орындалған жұмысты өзінің курстық жұмысы (жобасы) ретінде ұсыну;

- оқытушымен алдын ала келісілген жағдайларды қоспағанда, бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде жасанды интеллектті заңсыз пайдалану.

Идеялар, сол идеялар өрнектері немесе басқалардың жұмысы алынған көздер мыналардан тұрады, бірақ олармен шектелмейді: кітаптар, мақалалар, құжаттар, әдеби шығармалар мен фразалар, сөйлеулер, химиялық формулалар, көркем шығармалар, зертханалық есептер, зерттеу нәтижелері, есептеулер және олардың нәтижелері, диаграммалар, әзірлемелер, компьютерлік есептер, машина коды/бағдарламалық қамтамасыздандыру. Оқытушымен алдын-ала келісілген жасанды интеллект қолдану жағдайында нейрондық желі жасаған мазмұнды белгілеу керек.

2) **Көшіру** – басқа білім алушы, бітіруші, бұрынғы білім алушы орындаған бірдей жұмысты (жұмыстың бөлігі) қамтамасыз ету.

3) **Жазып алу** – емтихан, бақылау жұмысы, қорытынды аттестаттау кезінде, оқу барысында (сонымен қатар кеңестерді пайдалану, оның ішінде ауызша жауап, алдау парақтарын пайдалану, алдын-ала дайындалған жауап бланкілері, оқулықтар және басқа көздер, (бастапқы көздер, карталар, диаграммалар, кестелер), осы Кодекстің 28-тармағында көрсетілген құрылғылар және т.б./немесе басқа білім алушылардың тапсырмасын орындау кезінде басқа бір техникалық/баспа құралдары пайдалану);

4) **Қастандық:**

- кез келген бағаланатын жұмысты басқа адамдар орындайтыны туралы уағдаластық;

- академиялық адалдық принциптерін қасақана бұзу туралы білім беру процесіне қатысушылардың уағдаластығы;

- ұжымдық жұмыс түрлеріне қатысудан әдейі аулақ болуға және басқалардың көмегімен лайықты бағаны алуға;

- оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінде бағаларды әдейі асыра бағалау және алмастыру.

5) **Материалдарды заңсыз беру мақсатында білім беру процесіне қатысушылардың жасырын келісімі.**

- Білім беру процесіне қатысушылардың жасырын келісімінің мысалдары – өзінің жазбаша жұмысын басқа адамға көшіруге беру, студенттің басқа бір студент үшін жұмысын орындауы, басқа адамның орындаған жұмысын тапсыру (басқа студент, ата-аналар, репетитор, оқытушы және т.б.) тест тапсырмаларының мәліметтерін өзіндік сияқты басқаға беру, оқытушының рұқсатынсыз басқа студентке жариялау, оқу үдерісінің басқа қатысушыларының адастыру үшін ұжымдық алдаудың әртүрлі формалары (студенттер, ата-аналар, ПОК) болып табылады.

- Ұжымдық жұмыс құпия келісімнің мысалы ретінде қарастырылмайды, бірақ білім беру процесін ұйымдастырудың формасы болып табылады. Ұжымдық жұмыс деп бір оқу тапсырмасы бойынша топтағы іс-әрекеттерді айтады. Ұжымдық жұмыс топ ішінде білім алушылардың өзара әрекеттесуінің ашық түрлерін қамтиды. Ұжымдық жұмыс аясында қол жеткен нәтиже топтың барлық мүшелері үшін бірдей, олар топтың барлық мүшелерін көрсете отырып, нәтижені жазудың кез келген түрінде көрінуі керек (ауызша жауап немесе жазбаша).

б) **Алдау:**

- бағаланатын жұмысты уақытында орындамаған немесе мүлдем орындамаған жағдайда жалған ақталу;

- оқу жетістіктерін жүзеге асыруда барлық бағаланатын жұмыстарды көшіруге жол беру, айтып көмектесу, алдау қағаздарын беру алдау үшін әдейі әрекет ету болып табылады;

- басқа студенттің бағаланатын жұмысын бүлдіру немесе әдейі жасау;

- басқа студенттің, оқытушының немесе қызметкердің көмегімен бақылау шараларының алдында жартылай немесе толық материал алу (жауаптары бар тест тапсырмалары, емтихан билеттері мен тапсырмалары, жазбаша емтихан тапсырмалары);

- сатып алу немесе оларды жеке меншік ретінде беру бойынша бақылау шараларын орындау кезінде жұмысты алудың басқа тәсілдері (курстық жұмыстар, диссертациялар, магистрлік диссертациялар және т.б.)

- бақылау шараларын (курстық жұмыстар (жобалар), дипломдық жұмыстар және т.б.) орындау кезінде дайын жұмыстарды сату немесе сатып алу және/немесе сатуға көмектесудің басқа тәсілдері.

7) Құжаттар мен бағалардың бұрмалануы:

- іс жүзінде орындалмай эксперименттердің, материалдардың, шолулардың, есептердің жалған мәліметтерін бұрмалау және ұсыну;

- жұмысты жазуға қатысы жоқ сілтеме көздерінің тізімінде көрсету;

- жасанды және жалған құжаттар мен материалдарды ұсыну;

- тапсырмаларға жауаптарды бағалау нәтижелерін, бағаларды бұрмалау;

8) Ақпаратты немесе құрылғыларды теріс пайдалану

- бақылаудың барлық түрлерінен өту кезінде электрондық, сандық, қағаз тасымалдағыштардағы, техникалық құрылғылардағы ақпаратты пайдалану;

- кез келген тәсілмен бақылау шараларын орындау кезінде жұмыстың кез-келген жауаптарын алу;

- бақылау іс-шараларын орындауға байланысты қағаз және электронды тасымалдағыштарда оқытушының компьютерінен құжаттарды көшіру немесе кеңседен шығару;

- басқа білім алушының орындаған демонстрациялық тапсырмасының жазбасын алу немесе жалпы сабақтың жазбасын алу үшін аудиторияда аудио және/немесе видео жабдықтарды заңсыз пайдалану;

- қорғалған ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу;

- бақылаудың барлық түрлерінен өту кезінде осы Кодекстің 28-тармағында көрсетілген құрылғыларды, анықтамалық материалдарды (кітаптар, жазбалар, қағаздар және т.б.) пайдалану.

9) **Өзін басқа адам ретінде** Диагностикалық процедуралар кезінде, сондай-ақ емтихандар, сынақтар тапсыру, зертханалық жұмыстар немесе басқа тапсырмалар орындау кезінде ұсыну.

10) **Кедергілер жасау** – академиялық артықшылықтарды алу үшін басқа адамдардың білім беру немесе ғылыми қызметіне кедергі жасау немесе кедергі туындату.

11) **Аудиториялық сабақтар мен кеңестердің тұрақсыздануы.** Сабақты немесе кеңесті әдейі болдырмауға бағытталған әрекет немесе мінез-құлқ.

12) **Жеңілдікке қол жеткізу үшін емтихан материалдарын, тест сұрақтары және басқа материалдар сияқты құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу.**

13) **Деректерді рұқсатсыз тарату** – құпия ақпараттың алдын ала келісімінсіз үшінші тұлғаларға жариялау, тарату немесе жариялау. Құпия ақпаратқа академиялық ақпарат, деректер және ортақ қолжетімділік болмаған жағдайда жиналған және сақталған құжаттар кіреді.

6. Алдын-алу шаралары және жауапкершілік

21. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін «ҚМУ» КеАҚ-ның студенттері, сонымен қатар ПОҚ және қызметкерлері жауапқа тартылады.

22. Академиялық адалдықты бұзуды ашу және алдын алуға ПОҚ, әкімшілік-басқару персоналы және университеттің студенттік ұйымдары жауапты.

23. Оқытушылар студенттердің жұмыстары тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету және университеттің өкілетті лауазымды тұлғаларымен расталған басқа да сенімді тәсілдердің көмегімен плагиаттың бар-жоғына тексерілетіні туралы студенттерді хабардар етуге кепілдік береді.

24. Кітапханашылар білім алушылар мен оқытушыларға жұмыста пайдаланылған ресурстарды жобалауға қатысты материалдар, библиография, бағдарламаның барлық қатысушыларына қол жетімді болатын кітаптар, журналдар мен Ғаламтор сайттарын көрсететін сілтемелер ұсынады.

25. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін тәртіптік жазаны "ҚМУ" КеАҚ басшылығы деканның ұсынуы және/немесе университеттің тиісті комиссиясының хаттамалық шешімі бойынша қолданады.

26. Білім беру процесінің қатысушылары академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін моральдық жауапкершілікте болатындығын есте ұстауы керек.

27. Оқу тәртібін бұзудың кез келген жағдай объективтілік, дәйектілік, әділеттілік, уақытылы шешу және қосымша тергеу қағидалары негізінде қаралады. Академиялық тұтастықты бұзу туралы істер жеке қарастырылады.

28. Алдын алу шаралары:

1) оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және өткізуді мұқият бақылау;

2) плагиатқа қарсы ақпараттық бағдарламаның көмегімен бағаланған және/немесе көпшілікке ұсынылған жұмыстарды тексеру;

3) жұмыстың өзіндік ерекшелігін тексеруге арналған автоматты қызметтерді енгізу. Мәтіннің бірегейлігі үшін барлық дипломдық, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік жұмыстарды тексеру плагиатқа қарсы ақпараттық бағдарламаны міндетті түрде қолданумен жүргізілуі керек.

29. Кодекстің бұзылуын болдырмас үшін тексерудің барлық түрінен өткен кезде білім алушыларға ұялы телефондарды; планшеттер; калькуляторлар; оятқыш функциялары бар электрондық сағатты, жады бар компьютерді; пейджерлер; аудио- және бейнежазба құрылғылары; радио, цифрлық плеерларды; анықтамалық материалдар (кітаптар, жазбалар, қағаздар және т.б.); портфельдер, сөмкелер және т.б. кез келген тамақ, сыртқы киімдер; жапсырмалары бар сусындарды алып келуге тыйым салынады.

30. Білім беру процесінің барлық қатысушыларында академиялық адалдықты дамыту бойынша тұрақты мақсатты жұмыстар жүргізу, ғылыми зерттеулер мәдениетіне және ғылыми әдепке сәйкес дағдыларды қалыптастыра отырып, зерттеу сипатындағы тапсырмаларды орындауға тарту.

7. Кодекс бұзылған жағдайда шараларды қолдану тәртібі

31. Білім беру процесінің қатысушылары академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

32. Академиялық адалдықтың бұзылғаны: уы: анықтауға болады:

1) білім беру процесі барысында;

2) ағымдық (бағалау) және қорытынды бақылау кезінде (аралық аттестаттау/емтихан сессиясы);

3) қорытынды аттестаттау кезінде (мемлекеттік/кешенді емтихандар, дипломдық жұмыстарды қорғау);

4) ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу және оның нәтижелерін бағалау кезінде.

33. Осы Кодекстің бұзылғаны үшін айыппұлдар туралы шешімдер университет студенттерінің міндетті қатысуымен ұжымдық түрде қабылданады.

34. Білім алушы тарапынан бақылаудың кез келген түрін жүргізу кезінде Академиялық адалдысыздық анықталған жағдайда білім алушыға қатысты мынадай шаралар қолданылады:

1) академиялық адалсыздықты бастапқы анықтау кезінде (кездейсоқ, жүйесіз, өрескел бұзушылық, әңгімелер, бұрылыстар, кеңестер емтихан алушыны негізсіз алдандыру; 28-тармақта тыйым салынған заттардың болуы) аралық (сессияға) және қорытынды аттестаттауға шығарылған тапсырмаларды/жұмыстарды орындау уақытында білім алушыға кезекші оқытушы (проктор), емтихан қабылдаушы немесе кеңсе тіркеу маманынан екі реттен аспайтын ауызша ескерту жасалуы мүмкін. Егер білім алушы үшінші рет ескерту алса ондай жағдайда акт жасалынады, оған оқытушы немесе емтихан қабылдаушы (проктор) және тіркеу бөлімінің маманы қол қояды. Сонымен қатар, осы Кодекстің ережелерін бұзған білім алушыға аралық аттестаттауға берілген тапсырмалар/жұмыстардың тапсырмаларын аяқтауға рұқсат етіледі. Бұзушылық туралы Акт деканға бұзушылықты арнайы журналда тіркеу және тиісті пән оқытушыларының және студенттік өзін-өзі басқару комитеті өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен жаза қолдану үшін беріледі. Акт көшірмесі және тәртіптік жаза туралы шешім студенттің жеке ісіне беріледі. Кафедра немесе деканат деңгейінде кодексті бұзу фактісі бойынша шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қарауды студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссия жүзеге асырады.

2) академиялық адалдық қағидаларын өрескел бұзу бастапқы анықталған кезде (28-тармақта тыйым салынған нысандарды пайдалану; 20-тармақта көрсетілген бұзушылықтардың түрлерін болжау) аралық және қорытынды аттестаттауға тапсырылған жұмыстарды/ жұмыстарды орындау кезінде актіге оқытушы/емтихан алушы (проктор) және тіркеу бөлімі маманы қол қояды. Сонымен қатар, осы Кодекстің ережелерін бұзған білім алушыға аралық аттестаттауға жіберілген тапсырмаларды/жұмыстарды тапсыруға рұқсат етіледі. Тәртіп бұзушылық туралы акт деканға арнайы журналға тіркелуі үшін, тиісті пән мұғалімдерінің міндетті қатысуымен және студенттік өзін-өзі басқару комитетінің ұсынысымен жазаны қолдану үшін жіберіледі. Акт көшірмесі және тәртіптік жаза туралы шешім студенттің жеке ісіне беріледі. Кафедра немесе деканат деңгейінде кодексті бұзу фактісі бойынша шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қарауды студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссия жүзеге асырады.

3) аралық (сессия) және қорытынды аттестаттауға жіберілген тапсырмаларды/ жұмыстарды орындау барысында Кодекстің бұзылуы қайталанса (барлық оқу кезеңінде екінші рет болғанда) акт жасалады, оған оқытушы/емтихан қабылдаушы және тіркеу бөлімінің маманы қол қояды, түпнұсқа деканға тапсырылады, студенттің жұмысы тоқтатылады (кезеңдер санына қарамастан емтихан нәтижесі бойынша «0» балл қойылады). Бұзушылық арнайы журналда тіркіледі, шешім қабылданады және Кодекстің бұзылуын растайтын барлық құжаттармен жауапты құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Акт көшірмесі білім алушының жеке ісіне тапсырылады; қажет болған жағдайда декан бұзушылық фактісі бойынша үшжақты әңгіме жүргізу мақсатында ата-аналардың оқытушымен/емтихан алушы/куратормен және мектеп немесе факультет деканының орынбасарымен кездесу ұйымдастырады. Кодексті бұзудың екіден астам жағдайы тіркелген кезде жасалған акт оқудан шығарылғанға дейін тәртіптік жауапкершілік туралы

Академиялық саясат

Академиялық адалдық кодексі

шешім қабылдау үшін студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссияға беріледі.

4) оқу процесі барысында Академиялық адалдық қағидаттары бұзылған жағдайларда ПОҚ-ның, немесе деканның, немесе бөлімше басшысының баяндамалық жазбасы жасалады және оқудан шығарылғанға дейін тәртіптік жауапкершілік туралы шешім қабылдау үшін студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссияға беріледі.

35. Оқу процесі барысында Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін білім алушыға мынадай тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) студенттік өзін-өзі басқару комитетінің өкілдерін тарта отырып, істі жан-жақты қарау кезінде академиялық адалдық қағидаттарын (20-тармақтың 7, 9, 12, 13-тармақтарын қоспағанда) бастапқы және жүйесіз бұзғаны үшін декан білім алушының жеке ісіне енгізе отырып және осы бұзушылықты білім алушының транскриптіңде көрсете отырып, сөгіс немесе қатаң сөгіс шығаруы мүмкін;

2) академиялық адалдық қағидаттарын елеулі және өрескел бұзғаны үшін (20-тармақтың 7, 9, 12, 13-тармақшаларын қоспағанда) студенттік өзін-өзі басқару комитетінің өкілдерін тарта отырып, жағдайды жан-жақты қарау кезінде декан білім алушының жеке ісіне немесе білім алушыны оқудан шығару туралы өтінішхатқа енгізе отырып және осы бұзушылықты білім алушының транскриптіңде көрсете отырып, қатаң сөгіс шығаруы мүмкін;

3) 20-тармақтың 7, 9, 12, 13-тармақшаларын бұзғаны және "ҚМУ" КеАҚ ар-намысы мен имиджіне нұқсан келтіретін өзге де елеулі бұзушылықтар үшін білім алушы осы бұзушылықты білім алушының транскриптіңде көрсете отырып, оқудан шығарылуға жатады.

36. Мүдделер қақтығысы туындаған және/немесе Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу және/немесе бірнеше мектептердің/факультеттің/институттың білім алушыларын бұзуға қатысу фактілері бойынша шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі комиссияның осы кодексті бұзу фактісін қарауына бастама жасалуы мүмкін.

37. Білім беру процесінде және күнделікті бақылау кезінде Кодекс қағидаларын сақтауды бақылау профессорлық-оқытушылық құрамы мен бөлім меңгерушісіне жүктеледі. Басқару процедуралары силлабуста көрініс табуы керек. Кодекстің анықталған бұзушылықтары баяндау хатта жазылып, тиісті Мектепке, оқытушыларға және/немесе жетекшілік ететін проректорға жіберіледі.

38. Осы Кодекстің бұзылуы туралы ақпаратты мектептер/факультет сақтауы керек. Егер декан бұзушылықтың орын алғанын анықтаса, ол білім алушының тәртіптік және басқа да бұзушылықтары туралы мәліметтерді тексеруі керек.

39. Оқытушы немесе қызметкер кодексті бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, бұзушылықты анықтаған адам қызметтік тергеу жүргізу үшін комплаенс-офицерге баяндамалық жазба жасайды, оның нәтижелері тәртіптік комиссияда қаралуға тиіс. Жауапкершілік шарасын "ҚМУ" КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректоры Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, тәртіптік комиссияның ұсынымы және комплаенс-офицердің қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жұмыстан босатылғанға дейін айқындайды.

5. Білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру бағдарламасы – білім берудің мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асырудың тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

2. "Қарағанды медицина университеті" КеАҚ (бұдан әрі – ҚМУ КеАҚ) әзірлейтін білім беру бағдарламалары техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы қосымша білім беру деңгейлерін қамтиды.

3. Білім беру бағдарламасының мақсаты Университеттің миссиясымен және стратегиялық міндеттерімен сәйкестендіріледі.

4. Білім беру бағдарламасы білім беру және кәсіптік стандарттарға, нормативтік құқықтық актілерге, Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес келеді. ББ құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған, білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал етеді, өз бетінше оқу дағдыларын дамытады және серпінді өзгеретін жағдайларда кәсіби өсуге дайындайды.

5. Білім беру бағдарламасы пәнаралықты және мазмұнның логикалық бірізділігін қамтамасыз ететін модульдік тәсілді қолдану арқылы қалыптастырылады. Оның негізіне сондай-ақ студентке бағытталғандық, әлемдік және ұлттық трендтерді ескере отырып инновациялылық, сондай-ақ еңбек нарығының талаптарына сәйкестік үшін жұмыс берушілер мен кәсіби қоғамдастықтардың қатысуы арқылы практикаға бағытталғандық қағидаттары салынған.

6. Университетте білім беру бағдарламасын басқару процесі Білім беру бағдарламасын басқару туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

7. Білім беру бағдарламасын оның басшысы және/немесе жұмыс тобы әзірлейді, оған студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер және кәсіби қоғамдастықтар тартылады.

8. Білім беру бағдарламасының құрылымы мақсатты, түлектердің құзыреттіліктерін, оқыту нәтижелерін, пәндерді және бағалау әдістерін қамтиды.

9. Білім беру бағдарламасын енгізу кезінде кадрлық қамтамасыз ету, ақпараттық ресурстар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, практика базалары, бағдарламаны іске асыруды ақпараттық және әдістемелік қолдау ескеріледі. Білім беру бағдарламасы сапаны қамтамасыз ету комиссиясымен, Мектеп кеңесімен және Сенатпен келісіліп, университеттің Директорлар кеңесімен бекітіледі.

10. Білім беру бағдарламасы [ҚР ҒЖБМ Жоғары білім берудің бірыңғай платформасының \(ЖБББП\) білім беру бағдарламаларының тізіліміне](#) орналастырылады.

11. Білім беру бағдарламасын басқаруды оның басшысы мен мектеп жүзеге асырады..

12. Білім беру бағдарламасының өзектілігін және білім беру мен кәсіптік стандарттарға және қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру бағдарламасына тұрақты мониторинг және бағалау жүргізіледі.

13. Білім беру бағдарламасын жаңартуды білім беру бағдарламасының басшысы және/немесе жұмыс тобы нормативтік базадағы, білім беру және кәсіптік стандарттардағы, ғылыми жетістіктердегі өзгерістерді, стейкхолдерлердің сұраныстарын, жаңа білім беру технологияларын, аккредиттеу агенттіктерінің ұсынымдарын талдау негізінде жүргізеді.

14. Білім беру бағдарламасы талапкерлер жиналмаған, еңбек нарығында сұраныс болмаған, ресурстар шектеулі болған, университеттің стратегиялық басымдықтары өзгерген жағдайда іске асырудан алынып тасталуы мүмкін.

2. Сапаны қамтамасыз ету

15. Білім беру бағдарламасын ішкі бағалау өзін-өзі бағалауды жүргізу, білім алушылар мен оқытушылардың қанағаттанушылығын бағалау, студенттердің оқу жетістіктерін талдау арқылы қамтамасыз етіледі.

16. Білім беру бағдарламасын сыртқы бағалау аккредиттеуден өту, білім беру бағдарламасын ЖБББП-ға енгізу кезінде сараптама жүргізу, рейтингтерге қатысу, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін талдау, тәуелсіз емтихан алу және жұмыс берушілер мен түлектердің қанағаттану деңгейін бағалау арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Бірлескен білім беру бағдарламалары

17. Бірлескен білім беру бағдарламасы – бұл екі немесе одан да көп жоғары оқу орындары бірлесіп әзірлеген және іске асыратын білім беру бағдарламасы.

18. Бірлескен білім беру бағдарламалары "ҚМУ" КеАҚ түлектерінің ұлттық және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

19. "ҚМУ" КеАҚ-да бірлескен білім беру бағдарламалары екі дипломды бағдарламалар, шарттар немесе меморандумдар негізінде серіктес жоғары оқу орындарымен бағдарламаларды бірлесіп әзірлеу және/немесе іске асыру түрінде жүзеге асырылады.

4. Стейкхолдерлерді ақпараттандыру

20. Білім беру бағдарламалары туралы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы Университетте ресми ақпараттық ресурстарда өзекті деректерді жариялау арқылы қамтамасыз етіледі, бұл стейкхолдерлерге білім беру бағдарламасының миссиясы, оқытудың күтілетін нәтижелері, аккредиттеу мәртебесі туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

21. Стейкхолдерлерді білім беру бағдарламалары туралы ақпараттандыру сондай-ақ Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында (ЖБББП) өзекті мәліметтерді орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

22. Университет студенттерге және басқа да стейкхолдерлерге білім беру бағдарламасының мазмұны мен іске асырылуы мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсетеді.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту

және бағалау

Оқу процесін ұйымдастыру

6. Оқу процесін ұйымдастыру

1. Университетте оқыту және оқыту білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, оқыту траекториясын таңдау (жеке оқу жоспарын қалыптастыру) негізінде оқытудың кредиттік технологиясы негізінде жүзеге асырылады. Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері: Білім көлемін біріздендіру; оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау; білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен тиімділігін күшейту болып табылады; білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды бақылаудың тиімді және ашық рәсімі негізінде анықтау.

2. Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, оны Жарғыға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес «ҚМУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітеді. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, демалыстар мен тәжірибелерден тұрады. Бірінші курста оқу жылына бағдарлау апталығы, бітіру курстарында – қорытынды аттестаттау кезеңі, әскери кафедрада оқытындар үшін – оқу-жаттығу жиыны енгізіледі.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту

және бағалау

1 курс білім алушыларына бағдар беру апталығы

7. 1 курс білім алушыларына бағдар беру апталығы

1. Университетте барлық білім беру бағдарламаларының 1 курс білім алушылары үшін бағдарлау апталығы өткізіледі, оның мақсаты бірінші курс студенттерінің табысты әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне және білім алушылардың жаңа білім беру ортасына интеграциялануына жәрдемдесу

2. Бағдарлау апталығы кезінде 1 курс білім алушылар «ҚМУ» КеАҚ білім алушыларының құқықтары мен міндеттерімен, университеттің тарихы мен дәстүрлерімен, оқытудың кредиттік технологиясының қағидаттарымен (оның ішінде пәндерге жазылу және оқытушыны таңдау рәсімімен) және болашақ кәсіби қызмет перспективаларымен, университет жарғысымен, академиялық саясатпен, академиялық адалдық кодексімен және ішкі тәртіп ережелерімен танысады, эдвайзерлермен/ кураторлармен кездеседі.

3. Бағдарлау аптасын ұйымдастыру және бағдарламаны әзірлеу бейінді мектептерге жүктеледі. Бағдарлау аптасының міндеттері:

1) мектеп декандарының бірінші курс студенттерімен кездесуі (мектеп басшысымен, білім беру бағдарламаларының басшыларымен, эдвайзерлермен танысу);

25. Емтихан нәтижелерімен келіспейтін білім алушы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін апелляцияға өтініш береді (қорытынды бақылаудың өткізілу түріне байланысты: «Platonus» ААЖ-нде, «Session» АЖ-нде немесе мектепке).

26. Апелляция мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- 1) тест тапсырмаларында немесе жазбаша емтихан сұрақтарында техникалық қате бар (тест тапсырмасында сұрақ жоқ, суреттер жоқ, тапсырмадағы таңбаларды немесе суреттерді талдау мүмкін емес және т. б.);

- 2) тест тапсырмаларында дұрыс жауап жоқ;

- 3) тест тапсырмаларында бірнеше дұрыс жауаптар бар, ал білім алушыға жалғыз дұрыс жауапты таңдау ұсынылады;

- 4) тест тапсырмалары немесе жазбаша емтихандардың мазмұны оқу бағдарламасынан тыс болады.

27. Қорытынды бақылауды ОҚКЕ/ТОҚКЕ/ОҚПЕ нысанында жүргізу кезінде білім алушы мынадай жағдайларда апелляцияға береді:

- 1) СББТО-та электр энергиясын белгісіз уақытқа ажырату;

- 2) тренажерлардың техникалық ақаулығы.

28. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия өтініш берушінің қатысуынсыз өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған апелляциялық комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссияның шешімі сол күні өтініш берушінің назарына жеткізіледі және тіркеуші офис блогының бас маманына ұсынылады.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

Аралық аттестаттауды өткізу

29. Оқытушы «Platonus» ААЖ-не электрондық журналына тіркеуші кеңсесі блогының маманынан «Апелляцияны есепке алмағанда ведомосі» алған күні пән бойынша білім алушының қорытынды бақылау бағасын енгізеді; апелляция рәсімін өткізгеннен кейін тіркеуші кеңсесі блогының маманы емтихан бағасын өзгертуге қол жеткізуді ашады, оқытушы апелляциялық комиссияның шешіміне сәйкес «Апелляция есебімен ведомосі» тіркеуші кеңсесі блогының маманынан алған күні өзгеріс енгізеді.

30. Қорытынды бақылауды деканның өкімі негізінде жеке тапсыру кезінде мектеп маманы оқытушыға «Емтихан парақтарын беру және тапсыру бойынша тіркеу журналында» тіркеле отырып емтихан парағын береді. Емтихан парағы берілген күннен бастап үш күн ішінде жарамды. Аралық аттестаттауды жеке тәртіпте өткізгеннен кейін қорытынды бағалауды жүргізген мұғалім емтихан парақтың көшірмесін Тіркеуші кеңсесі блогына, ал түпнұсқасын мектепке тапсырады.

31. Аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін мектептер бағалау тетіктерін жетілдіру жөнінде шешімдер қабылдау үшін мектеп кеңесінде және МСҚК қарау үшін аралық аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды есеп қалыптастырады.

32. Тіркеуші кеңсесінің блогы өтпелі деңгейден жоғары абсолютті бағалардың нақты пайыздық үлестірілуін көрсететін Бағалау кестесіне сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізеді және оларды талдайды.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту

және бағалау

Жазғы семестрді ұйымдастыру

14. Жазғы семестрді ұйымдастыру

1. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес университетте қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, білім алушыларға академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жоюға мүмкіндік беру, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында пәндерді зерделеу үшін, сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын игеру, оның ішінде қос дипломды білім беру аясында, ақылы негізде жазғы семестр ұйымдастырылады.

2. Бітіру курсының білім алушылары мен резиденттерге оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне байланысты жазғы семестр ұйымдастырылмайды.

3. Жазғы семестрдің ұзақтығы академиялық күнтізбемен анықталады.

4. Жазғы семестр кезеңінде білім алушы жалпы көлемі ECTS-тің 15 кредитінен артық емес пәндерді оқи алады. Пәнді өту мемлекеттік білім беру гранты/тапсырысы бойынша білім алушылар үшін де, ақылы негізде білім алушылар үшін де ақылы түрде жүзеге асырылады. Пәннің бір кредитінің құны университетте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақылы қызметтердің прејскурантымен айқындалады.

5. Жазғы семестрдің өтуін бақылау мектепке/факультетке жүктеледі.

6. Жазғы семестр пәндеріне жазылуға білім алушылардың мынадай санаттары жіберіледі:

1) семестрлік рейтинг нәтижелері бойынша емтихан сессиясына жіберілмеген;

2) аралық аттестаттаудан өту кезеңінде қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған;

3) оқуға қайта қабылдану, ауысу немесе академиялық демалыстан шығу кезінде академиялық айырмасы бар адамдар;

4) өзінің академиялық рейтингін көтеруге ниет білдірген білім алушылар (курс бағдарламасын толық көлемде орындаған және үлгерімнің орташа балын (GPA) көтергісі келетін білім алушылар);

5) халықаралық бағдарламалар, қос диплом бағдарламалары бойынша білім алушылар;

6) мамандықтан/ білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстырылған білім алушылар;

7) қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) пәндерін игеруге ниет білдірген білім алушылар;

8) қосымша оқудан өтуге ниет білдірген білім алушылар.

7. Білім алушы «Platonus» ААЖ-інде деканның атына жазғы семестрден өту туралы өтініш береді, өтінішпен төлем туралы түбіртек қоса береді. Білім алушы белгіленген мерзім ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, жазғы семестр пәндерінің ағымдағы бақылауының барлық түрлерін тапсырады, және тиісті рұқсат рейтингі болған жағдайда қорытынды бақылауды тапсырады.

8. Егер білім алушы дәлелді себептермен сабақта болмауына байланысты көрсетілген мерзімдерде жазғы семестр пәндерінен өтуді аяқтамаған жағдайда, мектеп/факультет деканының өкімімен білім алушыға жазғы семестр пәндерінен өту мерзімі ұзартылуы мүмкін.

9. Жазғы семестрдің қорытындысы бойынша мектеп/факультет деканының ұсынысы бойынша білім алушыны курстан курсқа ауыстыру туралы бұйрық немесе академиялық үлгерімсіздігі үшін оқудан шығару туралы бұйрық шығарылады.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

Пәндерді қайта өту, оқу жоспары пәндерінің академиялық айырмашылықтарын жою ережелері

15. Пәндерді қайта өту, академиялық айырмашылықтарын жою ережелері

1. Пәндерді қайта өту

1. Университетте пәндерді қайта өту ережелері [Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына](#) сәйкес әзірленді.

2. Пәнді қайта өту мемлекеттік білім беру гранты/тапсырысы бойынша білім алушылар үшін де, ақылы негізде білім алушылар үшін де ақылы түрде жүзеге асырылады. Пәннің бір кредитінің құны университетте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақылы қызметтердің прејскурантымен айқындалады.

3. Пәнді бір рет ғана қайталап өтуге жол беріледі.

4. Көлемі 12 кредиттен аспайтын академиялық қарыз («F, қанағаттанарлықсыз» бағасын немесе пән/модуль бойынша 50%-дан төмен рұқсат рейтингін алу) туындаған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне/модульге қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, силлабусқа сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады және тиісті рұқсат рейтингі болған жағдайда қорытынды бақылаудан қайта өтеді.

5. Мектеп/факультет деканы білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар негізінде академиялық қарызды жою үшін өтініш беру мерзімін белгілейді, ол мектеп/факультет деканының өкімімен бекітіледі. Деканның өкімі сол күні СҚКО бас маманына беріледі.

6. Қысқы аралық аттестаттау пререквизит-пәні бойынша академиялық қарыз жазғы аралық аттестаттау басталғанға дейін көктемгі семестрде жойылуға тиіс. Егер қысқы аралық аттестаттаудың академиялық қарыз пәні пререквизит болып табылмаса, бұл пән жазғы семестрді қоса алғанда, ағымдағы оқу жылының соңына дейін қайта өтуі мүмкін.

7. Білім алушы жазғы аралық аттестаттаудың академиялық қарызын жазғы семестрде жояды және ол жойылғаннан кейін ғана келесі курсқа ауыстырылады.

8. Көрсетілген мерзімде академиялық қарызды жою рәсіміне кірмеген білім алушы академиялық үлгерімсіздігі үшін университеттен шығарылады.

2. Академиялық айырмашылығын жою

9. Оқу жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылық білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау, сондай-ақ академиялық демалыстан шығу кезінде айқындалады. Академиялық айырмашылықты жою тәртібі мен мерзімдері мектеп/факультет деканының өкімімен бекітіледі. Деканның өкімі сол күні СҚКО бас маманына беріледі.

10. Академиялық айырмашылықты жою мемлекеттік білім беру гранты/тапсырысы бойынша білім алушылар үшін де, ақылы негізде білім алушылар үшін де ақылы түрде жүзеге асырылады. Пәннің бір кредитінің құны университетте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақылы қызметтердің прејскурантымен айқындалады.

11. Академиялық айырмашылық білім алушының алдыңғы кезеңде өткен пәндерді оқыту нәтижелерін ұсынылған құжаттар негізінде мәлімделген білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерімен және қажет болған жағдайда білім алушының білімі, іскерлігі мен дағдыларының деңгейін айқындау үшін сұхбатпен салыстыру арқылы айқындалады.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

Пәндерді қайта өту, оқу жоспары пәндерінің академиялық айырмашылықтарын жою ережелері

12. Білім алушыны шетелдік білім беру ұйымынан ауысу немесе қайта қабылдау кезінде "Қазақ/Орыс тілі" және "Қазақстан тарихы" пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою мерзімі 2 (екі) курсқа дейінгі ұзақтықта, оның ішінде жазғы семестрді ескере отырып айқындалуы мүмкін.

13. Білім алушыға академиялық айырмашылық пәндерін және ресми және бейресми білім беру нәтижелерін қайта есептеуді ескере отырып, ЖОЖ қалыптастырылады.

14. Оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы оқу пәніне/модульге жазылады, белгіленген мерзімде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады және тиісті рұқсат рейтингі болған жағдайда қорытынды бақылаудан өтеді.

15. Белгіленген мерзімде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық бұдан әрі академиялық қарыз ретінде ескеріледі.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

Дипломдық жұмыстарды дайындау туралы ереже

16. Дипломдық жұмыстарды дайындау туралы ереже

1. Дипломдық жұмыстарды дайындау туралы ереже «ҚМУ» КеАҚ жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың бітіру жұмыстарын дайындау тәртібін айқындайды.

1. Дипломдық жұмысты дайындау

2. Дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне (бұдан әрі – ББ) сәйкес келетін өзекті мәселені студенттің өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру зерттеу жұмысы; дипломдық жоба – жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды дайындау түрінде орындалған ББ бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру зерттеу жұмысы, модельдер, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобалар және басқа жобалар.

3. Бітіруші жұмысты даярлауды білім алушы теориялық оқытудың соңғы кезеңінде тиісті бейіндегі оқытушы – білікті ғылыми жетекшінің және (немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын маманның басшылығымен дербес жүзеге асыруға тиіс. Ғылыми жетекші және дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыптары бітіруші курстың алғашқы екі айында бітіруші кафедраның/мектептің отырысында бекітіледі.

4. Бітіру жұмысы «ҚМУ» КеАҚ-ның өзіндік ерекшелік дәрежесіне жұмыстарды тексеру қағидалары мен тәртібімен регламенттелген шектерде өзіндік ерекшелік үлесін қамтуы тиіс.

5. Дипломдық жұмыс бітірушінің ББ бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеру деңгейін, білім алушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуды, ғылыми талдау және зерттеу әдістерін меңгеруді және оларды ББ бейініне сәйкес келетін нақты міндеттерді шешуде қолдануды, зерттелетін салада теориялық жалпылау, негізделген пайымдаулар мен практикалық қорытындылар жасай білуді көрсетеді, сондай-ақ оның кәсіби деңгейін анықтауға мүмкіндік береді және оның қазіргі жағдайда өз бетінше жұмыс істеуге дайындығы. Дайындау үшін курстық, ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдары, студенттік ғылыми үйірмелердегі зерттеулер, ғылыми конференциялардағы баяндамалар, сондай-ақ өндірістік және диплом алдындағы практикадан өту кезінде жиналған материалдар тартылуы мүмкін.

6. Бітіру жұмысы:

1) жалпы теориялық ережелерді, өзекті статистикалық деректерді және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді пайдалана отырып, өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ұсынуға, шығармашылық сипатта болуға тиіс;

2) білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес практикалық бағытталуы тиіс;

3) материалды логикалық және нақты баяндау, фактілердің дәлелі мен дұрыстығы, ақпараттың дәйекті баяндалуы, ішкі бірлік талаптарына жауап беруі керек;

4) білім алушының ақпаратты іздеудің, іріктеудің, өндеудің және жүйелеудің ұтымды тәсілдерін пайдалану қабілетін, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу қабілетін көрсетуі тиіс;

5) таңдалған тақырыптың өзектілігін, оның теориялық және практикалық маңыздылығын, жеткілікті дамуын көрсетуі керек;

6) дәлелді ережелер мен тұжырымдардың жиынтығын қамтуы тиіс;

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

Дипломдық жұмыстарды дайындау туралы ереже

7) баспаға жіберілетін жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес дұрыс ресімделуі (нақты құрылымы, логикалық толықтығы, библиографиялық сілтемелердің, әдебиеттер тізімінің дұрыс ресімделуі, орындалу дәлдігі) тиіс.

7. Білім алушы және оның ғылыми жетекшісі бітіру жұмысында ұсынылған деректердің дұрыстығына жауап береді.

2.Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау

8. Магистрлік диссертацияларды дайындау магистратура туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі (4-бөлім "Магистрлік диссертацияны/жобаны дайындау рәсімі").

3.Докторлық диссертацияны дайындау

9. Докторлық диссертацияларды дайындау докторантура туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

17. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу

1. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізу тәртібі

1. Жоғары білім берудің барлық білім беру бағдарламаларының білім алушылары "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды сол академиялық кезеңде оқуды аяқтағаннан кейін тапсырады.

2. Мемлекеттік емтихан өткізуді ұйымдастыруды "Қазақстан тарихы" пәні бойынша сабақ жүргізетін кафедра (бұдан әрі – кафедра) мектептермен және тіркеуші кеңсесінің блогымен бірлесіп жүзеге асырады.

3. Кафедра барлық білім беру бағдарламалары үшін "Қазақстан тарихы" пәні бойынша бірыңғай силлабус әзірлейді.

4. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізу нысаны бекітілген жұмыс оқу жоспарларымен айқындалады.

5. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін кафедраның ұсынысы бойынша жыл сайын мемлекеттік емтихан комиссиясының (бұдан әрі - МЕК) төрағасы мен құрамын бекіту туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы шығарылады. МЕК отырысының ұзақтығы күніне алты академиялық сағаттан аспауға тиіс.

6. Мемлекеттік емтихан кестесін академиялық күнтізбеге сәйкес тіркеуші кеңсесінің блогы жасайды және мемлекеттік емтиханға екі апта қалғанда Басқарма Төрағасы-Ректор бекітеді.

7. Апелляция өткізу үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен осы пән бойынша тәжірибелі оқытушылар қатарынан "Қазақстан тарихы" пәні бойынша апелляциялық комиссия құрылады.

8. Мемлекеттік емтихан нәтижесімен келіспейтін білім алушы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін апелляцияға өтініш береді (қорытынды бақылаудың өткізілу түріне байланысты: [«Platonus» ААЖ-нде](#), [«Session» АЖ-нде](#) немесе мектепке). "Қазақстан тарихы" пәні бойынша апелляция аралық аттестаттау пәндері бойынша апелляцияға ұқсас жүргізіледі.

9. Мемлекеттік емтихан аяқталғаннан кейін МЕК төрағасы жұмыс туралы есеп жасайды, ол Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі.

2. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

10. Қорытынды аттестаттау – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасын зерделеу және түлектердің кәсіптік даярлығын бағалау аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен негізгі құзыреттерді бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

11. ТЖКБ, бакалавриат («Мейіргерлік іс», «Қоғамдық денсаулық сақтау», Фармация» ББ), интернатура және резидентура түлектерін қорытынды аттестаттау [Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына](#) сәйкес жүзеге асырылады.

12. Қалған ББ және білім беру деңгейлері бойынша қорытынды аттестаттау жұмыс

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

оқу жоспарында және қорытынды аттестаттаудың жұмыс бағдарламасында бекітілген нысанда жүргізіледі.

13. Қорытынды аттестаттау оқу жұмыс жоспарында бекітілген нысанда және академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде, және де қажет болған жағдайда медициналық білім беру бағдарламаларында білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ұйымдармен келісілген түрде жүргізіледі.

14. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура, резидентура) білім алушыларды қорытынды аттестаттауды тіркеуші кеңсесінің блогы ұйымдастырады. Қорытынды аттестаттау кестесін тіркеуші кеңсесінің блогы жасайды, Басқарма Төрағасы-Ректор бекітеді және аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей жалпы назарға жеткізіледі.

15. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін білім беру бағдарламалары немесе білім беру бағдарламаларының топтары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады, оның құрамы 31 желтоқсаннан кешіктірілмей Сенат шешімінің негізінде Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы оқу жылы ішінде қолданылады. Қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы болып бітіретін мамандардың бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар және "ҚМУ"КеАҚ-да жұмыс істемейтін адам тағайындалады. Комиссияға мүшелердің тақ саны кіреді, бірақ кемінде бес адам болу керек. Аттестаттау комиссиясының құрамы бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар адамдар қатарынан, оның ішінде бітірушілерді жұмысқа орналастыруды жүзеге асыратын ұйымдардың өкілдері және бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін білікті мамандар-практикалық қызметкерлер қатарынан қалыптастырылады. Бұдан басқа, медициналық білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясының құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымдардың өкілдері енгізілуге тиіс.

16. Аттестаттау комиссиясының құзыретіне: бітіруші кадрлардың теориялық және практикалық даярлығының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру; бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік беру және (немесе) бітірушіге дәреже беру; бітірушілерді даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу кіреді.

17. Аттестаттау комиссиясының барлық отырыстары хаттамалармен ресімделеді. Аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамалары жеке әрбір білім алушыға немесе жалпы бүкіл академиялық ағымға ресімделеді. Аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамалары «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының және «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығының талаптарына сәйкес университет мұрағатында сақталады.

18. Қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы есепті жасайды, ол аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталған күннен

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

бастап бір ай мерзімде Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі.

19. Қорытынды аттестаттаудан өткен және ТжКБ, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік беріледі және (немесе) тиісті дәреже тағайындалады және тегін негізде: ТжКБ, бакалавриат немесе магистратура бітірушісіне – қосымшасы бар диплом; интернатура бітірушісіне – қосымшасы бар диплом және интернатураны бітіргені туралы куәлік; резидентура түлегіне – резидентураны бітіргені туралы куәлік беріледі.

20. Қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде тиісті мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен мамандарды шығару туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы шығарылады.

21. ТжКБ, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын бітірген түлектердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), білім беру бағдарламалары және берілген дипломдардың нөмірлері көрсетіле отырып, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

22. Оң бағаны анағұрлым жоғары деңгейге көтеру мақсатында білімді және (немесе) дағдыларды қайта бағалауға, кешенді емтиханды қайта тапсыруға, дипломдық жұмысты/магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға жол берілмейді.

23. Кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ «қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаларға дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

24. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген адам келесі оқу жылында қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей Басқарма Төрағасы-Ректордың атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өтініш жазады. Қайта қорытынды аттестаттауға жіберу Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен ресімделеді. Қайта қорытынды аттестаттау ақылы негізде жүргізіледі, төлем жұмыс оқу жоспарында көрсетілген қорытынды аттестаттау кредиттерінің санына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыны қайта қорытынды аттестаттау ол өткен қорытынды аттестаттауға қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана жүргізіледі.

25. Қорытынды аттестаттауды қайта тапсырған кезде теріс нәтиже ("қанағаттанарлықсыз") алған түлекке «Білім туралы» Заңның 39-бабының 6-тармағына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама (транскрипт) беріледі.

26. Оқу жұмыс жоспары мен білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіру курсының білім алушылары жазғы семестрден өтпей ақылы негізде қайта оқу курсына қалады.

3.ТжКБ білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

27. ТжКБ білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу [Үлгілік қағидаларға](#) сәйкес жүзеге асырылады.

28. Қорытынды аттестаттауға академиялық берешегі жоқ және [ТжКБ МЖБС](#) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген ТжКБ білім алушылары жіберіледі. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберуді Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен ресімделеді.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

29. Қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы есеп жасайды, онда: осы мамандық білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің сәйкестігі; өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша білім алушылардың білімінің, іскерлігі мен практикалық дағдыларының нақты деңгейі, олардың мамандықтар бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігі; пәндердің және (немесе) модульдердің жекелеген мәселелері бойынша білім алушыларды даярлаудағы кемшіліктер; техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша білікті кадрларды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсынымдар. Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін бір ай ішінде есеп Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі.

4. Жоғары білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

30. Қорытынды аттестаттау мектеп Кеңесінің шешімімен бекітілген және пәндердің оқу бағдарламалары негізінде білім беру бағдарламасының басшысы әзірлеген бағдарлама бойынша жүргізіледі (денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау жөніндегі ұйым жүргізетін білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау көзделген ББ-дан басқа).

31. Қорытынды аттестаттауға жұмыс оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған бакалавриат және интернатура білім алушылары жіберіледі. Аяқтаудың негізгі критерийі білім алушылардың теориялық оқу курсы мен кәсіби практиканың (бар болса) қажетті көлемін игеруі болып табылады.

32. Сонымен қатар бакалавриат («Мейіргерлік іс», «Қоғамдық денсаулық сақтау», Фармация» ББ) және интернатура түлектері үшін тәуелсіз емтихан шеңберінде өзін-өзі бағалау нәтижесі қорытынды аттестаттауға рұқсат болып табылады: бакалавриат үшін 50%-дан және интернатура үшін 60%-дан төмен емес, ал дипломдық жобаны қорғау түріндегі қорытынды аттестаттау нысаны бар бакалавриат түлектері үшін – ғылыми жетекшінің оң пікірінің болуы.

33. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу аралық аттестаттаудың соңғы күні мектеп деканының өкімімен білім беру бағдарламалары, білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіле отырып, тізімдік құрам түрінде ресімделеді.

34. Аттестаттау комиссиясы жұмысының бірінші күні мектептер/ факультет төрағаға ұсынады: қорытынды аттестаттау бағдарламасы; білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкім; оқудың барлық кезеңінде GPA бар білім алушылардың транскриптері.

35. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей аттестаттау комиссиясының төрағасына ұсынылады:

1) дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісінің пікірі, онда «қорғауға рұқсат етіледі» немесе «қорғауға жол берілмейді» деген дәлелді қорытынды беріледі;

2) қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның) жан-жақты сипаттамасы берілетін дипломдық жұмысқа (жобаға) рецензия және білімді бағалаудың балдық-

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаны және «бакалавр» дәрежесін беру немесе тиісті мамандық бойынша біліктілік беру мүмкіндігін көрсете отырып, дәлелді қорытынды;

3) бітіруші кафедраның қорғауға ұсыным беру туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан үзінді);

4) плагиат мәніне дипломдық жұмысты (жобаны) тексеруден өткені туралы анықтама (еркін нысанда).

36. Аттестаттау комиссиясы қажет болған жағдайда орындалған диплом жұмысының (жобасының) ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын материалдар, бейресми пікірлер, диплом жұмысының (жобасының) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жазбаша қорытындылары, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, материалдардың, бұйымдардың, ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлгілері, минералдар коллекциялары мен гербариялар ұсынылады.

37. Білім алушы ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған кезде дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жол берілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберілмейді. Білім алушы рецензенттің оң не теріс қорытындысы кезінде дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберіледі.

38. Білім алушы дипломдық жобаның (жұмыстың) орнына мынадай негіздер бойынша кешенді емтихан тапсыруға құқылы:

1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ мерзімді емделу;

2) ерекше білім алу қажеттіліктерінің болуы, оның ішінде бала кезінен мүгедектік, I немесе II топтағы мүгедектік;

3) жүктілік немесе 2 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу;

4) науқас ата-аналарға күтім жасау.

39. Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушы университеттің академиялық жұмыс жөніндегі проректорының атына өтініш жазады және қорытынды аттестаттау нысанын өзгерту үшін негіздердің бар екендігін растайтын құжатты ұсынады.

40. Кешенді емтихан пәндерінің тізбесі Мектеп Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

41. Дипломдық жұмысты (жобаны) бағалау туралы, сондай-ақ дәреже беру және/немесе біліктілік беру туралы шешімдер жабық отырыста отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Кешенді емтихандарды тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері олар өткізілген күні аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін жарияланады.

42. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау жөніндегі ұйым жүргізетін білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау көзделген ББ-ың қорытынды аттестаттау бойынша апелляциясы [Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына](#) сәйкес жүргізіледі.

43. Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін апелляцияға өтініш береді (қорытынды бақылаудың өткізілу түріне байланысты: [«Platonus» ААЖ-нде](#),

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

[«Session» АЖ-нде](#) немесе тиісті мектепке). Апелляция өткізу үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен біліктілігі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан мектептер/факультет декандарының ұсынысы бойынша апелляциялық комиссия құрылады.

44. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау жөніндегі ұйым жүргізетін, дәлелді себептермен қорытынды аттестаттауға келмеген білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау көзделген ББ білім алушылары оны [Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына](#) сәйкес тапсырады.

45. Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген қалған ББ білім алушылары аттестаттау комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда өтініш береді, дәлелді себепін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күні емтихан тапсырады немесе диплом жұмысын (жобасын) қорғайды.

46. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін аттестаттау комиссиясына ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

47. Жұмыс оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған және тәуелсіз емтихан шеңберінде сәйкесінше 50 немесе 60%-дан төмен өзін-өзі бағалау нәтижесін алған бакалавриат («Мейіргерлік іс», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Фармация» ББ) немесе интернатура білім алушысы қорытынды аттестаттауға жіберілмейді және академиялық үлгерімсіздігі үшін оқудан шығарылады. Келесі оқу жылы ішінде ол өзін-өзі бағалаудан өте алады және тиісінше 50 немесе 60%-дан төмен емес нәтиже алған жағдайда, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды аттестаттауға жіберу туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш жазады. Қорытынды аттестаттауға жіберу Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен ресімделеді. Қайта қорытынды аттестаттау ақылы негізде жүргізіледі, төлем жұмыс оқу жоспарына сәйкес қорытынды аттестаттау кредиттерінің санына сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттаудың бір кредитінің құны университетте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақылы қызметтер прейскурантымен айқындалады.

48. Қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы есеп жасайды, онда: осы ББ бойынша мамандарды даярлау деңгейі; кешенді емтихандарда анықталған білім алушылардың білім сипаттамасы, жекелеген пәндер бойынша мамандарды даярлаудағы кемшіліктер; дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау сапасы; дипломдық жұмыстар тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндіріс сұраныстарына сәйкестігі көрсетіледі; даярлау сапасын талдау және мамандарды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар. Есеп аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін бір ай ішінде Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

Магистратура

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

49. Қорытынды аттестаттауға жұмыс оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған және ғылыми жетекшінің оң пікірі бар магистратураның білім алушылары жіберіледі.

50. Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу аралық аттестаттаудың соңғы күнінде білім алушылардың білім беру бағдарламалары, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіле отырып, тізімдік құрам түрінде мектеп деканының ұсынысы негізінде Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен ресімделеді.

51. Магистрант алдын ала қорғаудан өту үшін магистрлік бітіру жұмысын (диссертация/ жоба) бітіруші мектептің/ кафедраның отырысына қорғаудың болжамды күнінен кемінде 1 ай бұрын ұсынады. Алдын ала қорғау нәтижелері бітіруші мектеп/ кафедра отырысының хаттамасымен ресімделеді, хаттама көшірмесі аттестаттау комиссиясына ұсынылады. Алдын ала қорғауда шығарылған ескертулер белгіленген мерзімде жойылмаған және (немесе) ғылыми басшының теріс пікірі алынған жағдайда магистрант қорғауға жіберілмейді және академиялық үлгермегені үшін оқудан шығарылады.

52. Қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы есеп жасайды, онда: осы ББ бойынша магистрлерді даярлау деңгейі; магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындау сапасы; магистрлік диссертациялар (жобалар) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндіріс сұраныстарына сәйкестігі; магистрлерді даярлау сапасын талдау көрсетілуі тиісұсынысы негізінде Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен ресімделеді. Есеп аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін бір ай ішінде Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі.

Резидентура

53. Қорытынды аттестаттауға жұмыс оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған және тәуелсіз емтихан шеңберінде өзін-өзі бағалау нәтижесі 70%-дан төмен емес резидентураның білім алушылары жіберіледі.

54. Резиденттерді қорытынды аттестаттауға жіберу аралық аттестаттаудың соңғы күнінде білім алушылардың білім беру бағдарламалары, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіле отырып, тізімдік құрам түрінде мектеп деканының өкімімен ресімделеді.

55. Резиденттердің қорытынды аттестаттау бойынша апелляциясы [Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына](#) сәйкес жүргізіледі.

56. Дәлелді себептермен қорытынды аттестаттауға келмеген резиденттер оны [Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына](#) сәйкес тапсырады.

57. Оқу жұмыс жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған және тәуелсіз емтихан шеңберінде 70%-дан төмен өзін-өзі бағалау нәтижесін алған резидентура білім алушысы қорытынды аттестаттауға жіберілмейді және академиялық үлгерімсіздігі үшін оқудан шығарылады. Келесі оқу жылы ішінде ол өзін-өзі бағалаудан өте алады және нәтиже 70%-дан төмен болмаған жағдайда, Басқарма Төрағасы – Ректордың атына қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өтініш жазады. Қорытынды аттестаттауға жіберу Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен ресімделеді. Қайта қорытынды аттестаттау ақылы негізде жүргізіледі, төлем жұмыс оқу жоспарына сәйкес қорытынды аттестаттау

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу

кредиттерінің санына сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттаудың бір кредитінің құны университетте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақылы қызметтер прейскурантымен айқындалады.

58. Қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы есеп жасайды, онда: кешенді емтихан өткізу кезінде анықталған резиденттердің білім сипаттамасы; пәндердің және (немесе) модульдердің жекелеген мәселелері бойынша резиденттерді даярлаудағы кемшіліктер; резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша білікті кадрларды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсынымдар көрсетілуі тиіс. Есеп аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін бір ай ішінде Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі.

Докторантура

59. Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертацияны қорғаған адамдарға философия докторы (PhD) дәрежесін беру тәртібі [Дәрежелерді беру қағидаларында](#) айқындалады.

60. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсы мен меңгерген, бірақ ҒЗЖ орындамаған докторантқа келесі жылдары ҒЗЖ академиялық кредиттерін ақылы негізде қайта игеруге және диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

61. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсы мен меңгерген, ҒЗЖ орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріледі және диссертацияны бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары ақылы негізде кемінде 4 академиялық кредит көлемінде қорғауға мүмкіндік беріледі. Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң докторант диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғалады.

Академиялық саясат

Білім алушыларға бағытталған білім алу, оқыту және бағалау

Білім алушылардың өкілдігінің саясаты және олардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, басқаруға және бағалауға қатысуы

18. Білім алушылардың өкілдігінің саясаты және олардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, басқаруға және бағалауға қатысуы

1. Университет білім берудің барлық деңгейлеріндегі (ТжКБ, бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура) білім алушылардың университеттің миссиясын айқындауға, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, басқаруға және бағалауға және білім алушылардың мүдделерін қозғайтын басқа да мәселелерді шешуге қатысу үшін кеңесші органдарда өкілдік етуі үшін жағдайлар жасайды.

2. Университет студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуға, оның ішінде студенттік бірлестіктер мен клубтарды ұйымдастыру арқылы жағдай жасайды. Студенттік өзін-өзі басқару студенттердің кәсіби және мәдени-адамгершілік өзін-өзі ұйымдастырудың мүмкіндіктері мен перспективаларына саналы, жауапты көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Студенттік өзін-өзі басқарудың құрылымы мен функциялары Ережемен реттеледі.

3. Студенттік өзін-өзі басқару органдары білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстарды қалыптастыруға қатысады, ал олардың қызметі университет миссиясын орындау, студенттерді академиялық адалдық және білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарында даярлаудың жоғары сапасына қол жеткізу үшін студенттер қауымдастығын шоғырландыруға бағытталған.

4. Жастармен жұмыс жөніндегі бөлім университеттің тәрбие қызметінің жоспары негізінде студенттермен және университеттің құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп білім алушылардың жеке басын кәсіби, азаматтық және шығармашылық дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды:

1) білім алушыларда белсенді азаматтық ұстанымды, жаңа қазақстандық патриотизмді, әлеуметтік жауапкершілікті, жоғары рухани-адамгершілік және құқықтық мәдениетті қалыптастыру және дамыту;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау;

3) бәсекелестік ортада тұлғаның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру;

4) болашақ маман тұлғасының эстетикалық және адамгершілік қасиеттерін, командада жұмыс істеу дағдысын дамыту;

5) коммуникативтік және корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;

6) салауатты өмір салты дағдыларын дамыту, кәсіби борышын орындауға ықпал ететін жеке қасиеттерді тәрбиелеу;

7) терроризм мен экстремизм идеяларына қарсы тұруға мүмкіндік беретін әлеуметтік-саяси қасиеттерді дамыту;

8) еріктілер қозғалысын дамыту;

9) білім алушылардың ғылыми және инновациялық әлеуетін дамыту;

10) экологиялық тәрбие және т. б.

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Қабылдау ережелері, білім алушылардың ілгерілеуі, сертификаттау

19. Қабылдау ережелері, білім алушылардың ілгерілеуі, сертификаттау

1. Қабылдау ережелері

1. «ҚМУ» КеАҚ қабылдау ережелері «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ-да білім алушыларды қабылдау саясатымен реттеледі.

2. Білім алушылардың ілгерілеуі

2. Оқу процесіне байланысты мониторингтің негізгі түрлері қабылдау сапасының мониторингі, білім алушылардың ағымдағы үлгерімінің мониторингі, білім алушылардың қалдық білімінің мониторингі, білім алушыларды прогрессивті тестілеу, білім алушыларды бітіру сапасының мониторингі, оқу процесін ұйымдастыру сапасының мониторингі, пәндерді оқыту сапасының мониторингі, білім алушылардың қанағаттанушылығының мониторингі – көрсетілетін қызметтердің сапасына, жұмыс берушілердің – түлектердің, оқытушының даярлық деңгейіне мониторингі болып табылады-басқару жүйесі және еңбек жағдайлары.

3. **Қабылдау сапасының мониторингі** білім беру бағдарламасына түскен талапкерлердің дайындығын бағалауды көздейді. Қабылдау сапасының мониторингі талапкерлердің түсу сынақтарының нәтижелерін талдау шеңберінде жүзеге асырылады. Талдау емтихан материалын игеру сапасын, қабылдаудың алдыңғы жылдарындағы динамиканы бағалауды қамтуы керек. Талдау нәтижелері жеке қабылданған қабылдауда білім алушылардың академиялық үлгерімін бағалау кезінде бастапқы болып табылады.

4. **Ағымдағы үлгерім мониторингі** практикалық сабақтар, оқытушының басшылығымен өзіндік жұмыс, өзін-өзі даярлау, емтихандар мен практикадан өту шеңберінде білім алушылардың прогресін бағалауды көздейді. Ағымдағы үлгерім мониторингі сессиялар нәтижелерін және білім алушылардың практикалық дағдыларын талдау шеңберінде жүзеге асырылады. Талдау білім беру бағдарламалары, емтихан пәндері бөлінісінде білім алушылардың абсолюттік үлгерімі мен білім сапасының өсу серпінін қоса алғанда, сессиялардың академиялық көрінісін бағалауды қамтуы тиіс.

5. **Білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізу мониторингі** білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы мониторингінің тиімділігін бағалауды көздейді. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді талдау прогрессивті тестілеу арқылы жүргізіледі және оқу процесінде алған теориялық білімдерін растауға тиіс білім алушылардың академиялық үлгерімін бағалауды көздейді. Талдау прогрессивті тестілеу нәтижелерін және тәуелсіз емтихан нәтижелерін, көрсеткіштердің сыни алшақтықтарын салыстырмалы бағалауды қамтуы және білім алушылардың кейбір оқу нәтижелерін меңгеруінің төмендеуінің немесе жеткіліксіз өсуінің типтік себептерін анықтауы тиіс.

6. **Оқу орнын бітіру сапасының мониторингі** жоғары оқу орнында оқудың әртүрлі кезеңдеріндегі білім алушылардың үлгерімі мониторингінің тиімділігін бағалауды көздейді. Оқу орнын бітіру сапасының мониторингі бітіру емтихандарының нәтижелерін талдау және бітіру жұмыстарын қорғау шеңберінде жүзеге асырылады. Талдау бітіруші курс студенттерінің үлгерімінің жалпы академиялық көрінісін және әлеуетті мамандардың теориялық дайындық деңгейін бағалауды қамтуы тиіс.

7. Білім алушыларды прогрессивті тестілеу білім беру бағдарламасын меңгеру дәрежесін және оқудың барлық кезеңінде студенттердің жеке дамуын бағалау механизмі

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Қабылдау ережелері, білім алушылардың ілгерілеуі, сертификаттау

болып табылады. Бұл әдістеме бакалавриат студенттері үшін жыл сайын екінші курстан бастап оқу аяқталғанға дейін қолданылады, оның ішінде әр бағдарламаның жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндері бойынша білім мен құзыреттілікті қамтитын 150 сұрақ. Тестілеу нәтижелері студенттердің білім беру бағдарламаларын игерудің тиімділігі мен сапасын кешенді бағалау мақсатында мектептер кеңестерінің отырыстарында талданады және одан әрі талқыланады. Бакалавриатта оқытудың әртүрлі кезеңдерінде прогрессивті тестілеуден өтудің белгіленген ең төменгі шегі (екінші курста 25% және бітіру курсына 60%) білім беру бағдарламасын меңгерудің қанағаттанарлық деңгейіне қойылатын талаптарды көрсетеді. Бұл критерийлер студенттің ілгерілеуі білім мен дағдыларды біртіндеп және жүйелі түрде тереңдетуге кепілдік бере отырып, бүкіл оқу кезеңінде біркелкі бөлінуі керек деп болжайды.

3. Білім алушыларды сертификаттау (білім туралы құжаттарды беру ережесі)

8. Қорытынды аттестаттаудан өткен ТжКБ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура) білім алушыларға білім туралы құжатты беру үшін аттестаттау комиссиясының шешімі негіз болып табылады.

9. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығы философия докторы (PhD) дипломын беру үшін негіз болып табылады. философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелері. Дәреже беру туралы ақпарат ҚР ҒЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің интернет-ресурстарында шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орналастырылады.

10. Қорытынды аттестаттаудан өткен және тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша дәреже немесе біліктілік беріледі және [ТжКБ беру қағидаларына](#) немесе [ЖЖООК беру қағидаларына](#) сәйкес тегін негізде беріледі:

- 1) ТжКБ бойынша – техникалық және кәсіптік білім туралы диплом қосымшасымен;
- 2) бакалавриат бойынша – "бакалавр" дәрежесі берілген жоғары білім туралы диплом қосымшасымен;
- 3) интернатура бойынша – біліктілігі берілген жоғары білім туралы диплом қосымшасымен және интернатураны бітіргені туралы куәлік;
- 4) магистратура бойынша – "магистр" дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен;
- 5) резидентура бойынша – резидентураны бітіргені туралы куәлік.

11. Диплом қосымшасында (транскрипте) көлемдері академиялық кредиттерде көрсетілген барлық оқу пәндері, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстары, кәсіптік практика түрлері, қорытынды аттестаттау бойынша [әріптік бағалау жүйесі](#) бойынша соңғы бағалар жазылады.

12. А, А- «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы» бағаларымен емтихан тапсырған және үлгерімнің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда), сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе А, А- «өте жақсы» бағалары бар дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаған ТжКБ немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасының түлегіне үздік диплом беріледі. Оқытудың барлық

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Қабылдау ережелері, білім алушылардың ілгерілеуі, сертификаттау

кезеңі ішінде қайта тапсыру немесе қорытынды бақылауды қайта тапсыру болған жағдайда үздік диплом берілмейді.

13. Егер үздік дипломдар саны 5%-дан асқан жағдайда, Сенаттың академиялық комитеті Сенат отырысына есеп бере отырып, сыни талдау жүргізеді.

14. Университет бітірушіге дипломға жалпы-еуропалық қосымшаны (Diploma Supplement) ағылшын тілінде, сұраныс бойынша тегін береді. Diploma Supplement-те диплом иесі, алған біліктілігі, осы біліктілік деңгейі, оқыту бағдарламасының мазмұны, нәтижелері, біліктіліктің функционалдық мақсаты туралы деректер, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесі туралы ақпарат берілген.

15. Diploma Supplement беруге өтініштерді қабылдауды студенттерге қызмет көрсету орталығы жүзеге асырады. Diploma Supplement рәсімдеу мерзімі – өтініш берілген сәттен бастап 20 жұмыс күні. Diploma Supplement алуға өтініш жоғары білім туралы дипломды берудің болжамды күнінен кемінде бір ай бұрын берілген жағдайда, ол дипломмен бір мезгілде берілуі мүмкін.

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану ережелері

20. Формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану ережелері

1. Университет [Оқыту нәтижелерін тану қағидаларын](#) және [Денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқыту нәтижелерін тану қағидаларын оқыту нәтижелерін тану қағидаларын](#) басшылыққа ала отырып, формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тануды дербес жүзеге асырады.

2. Формальды және формальды емес білім берудің нәтижелері білім алушылардың алған, көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар тану үшін қол жетімді болып саналады.

3. Формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану оқуға қабылдау кезінде, басқа ЖЖОКБҰ-дан немесе денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарынан ауысу кезінде, басқа ББ-ға ауысу кезінде, қайта қабылдау кезінде, академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуды аяқтау кезінде жүзеге асырылады.

4. Білім алушының бұрын алған білім беру нәтижелерін танудан және (немесе) пәндерді қайта аттестаттаудан бас тартуға құқығы бар. Бұл жағдайда ол тиісті білім беру бағдарламасында қарастырылған барлық пәндер бойынша күнделікті және қорытынды бақылаудың барлық түрлерін орындауы керек.

1.Формальды оқыту нәтижелерін тану ережелері

5. Формальды оқытудың қол жеткізілген нәтижелерін растайтын құжаттар ТжКБ ұйымдары, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары және ресми білім беретін танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар берген құжаттар болып табылады.

6. Университет техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын адамдарға ЖББ циклінің оқу пәндері бойынша бұрын игерілген оқу нәтижелерін тануды жүзеге асырады. Бұл ретте техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын тұлғалар "Қазақстан тарихы" пәнін оқиды.

7. Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында оқуға түсу және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні және (немесе) жоғары білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі кезінде формальды білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады, игерілетін академиялық кредиттердің саны және оқу мерзімі қысқарады.

2. Формальды емес оқыту нәтижелерін тану ережелері

8. Формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін растайтын құжат ретінде қосымшасы бар кәсіптік даярлық туралы куәлік, шет тілдерін білуді бағалаудың

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану ережелері

халықаралық жүйелерінің сертификаттары; әлемнің жетекші университеттерінің жаппай ашық онлайн курстарының сертификаттары болып табылады.

9. Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – комиссия) қызметі және оның құрамы туралы ереже бекітіледі.

10. Комиссия құрамына білім беру ұйымының академиялық, басқару персоналының өкілдері, оқытушылары кіретін 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Комиссия төрағасы комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, комиссия отырыстарын өткізеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды. Комиссия хатшысының функцияларын комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды.

11. Білім алушы формальды емес білім берудің оқыту нәтижесін (нәтижелерін) тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін он жұмыс күні бұрын Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) комиссия төрағасының атына еркін нысанда формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін растайтын құжат.

12. Комиссияның міндеттеріне ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын тексеру рәсімі кіреді: қорғау дәрежелерінің болуы (су белгілері, ультракүлгін қорғаныс), білім алушының жеке кабинеті арқылы онлайн-курс сертификатын алуды тексеру, құрылтайшылар арқылы тікелей тексеру (мысалы, IELTS IDP үшін: IELTS Australia немесе British Council).

13. Комиссия алынған құжаттарды сараптама жүргізу үшін үш жұмыс күн ішінде сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы). Сараптама тобының құрамы Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өндірістік қызмет саласының тәжірибелі оқытушылары мен практикалық қызметкерлері кіреді. Сараптама тобы құжаттарды бес жұмыс күні ішінде формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім беру ұйымының білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Қарау нәтижелері бойынша формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім алушы меңгеретін білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады. Осы сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

14. Комиссияның шешімі отырысқа қатысушы комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен еркін нысанда ресімделеді. Комиссия білім алушылардың [оқу жетістіктерін әріптік бағалау жүйесіне](#) сәйкес баға қоя отырып, формальды емес білім беру шеңберінде игерілген оқыту нәтижелерін таниды. Егер транскрипте қорытынды бақылаудың бағасы «сынақ» ретінде көрсетілсе, онда оның %-дық мазмұны кестеге сәйкес анықталады:

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	%-дық мазмұны	Орташа мәні
-------------------------------	---------------	-------------

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану ережелері

Өте жақсы	100 – 90	95
Жақсы	89 – 70	80
Қанағаттанарлық	69 – 54	62
Сынақ		80
Сынақ (үздік диплом үшін)		90

IELTS сертификатының ұпайлары бағалауға келесідей аударылады:

CEFR Level	Overall Band Score	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Бағалаудың сандық баламасы	Бағалаудың пайыздық мөлшері	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
C1	8.0	A	4	100%	Өте жақсы
	7.5	A	4	95%	Өте жақсы
	7.0	A-	3,67	90%	Өте жақсы
B2	6.5	A	4	100%	Өте жақсы
	6.0	A	4	95%	Өте жақсы
	5.5	A-	3,67	90%	Өте жақсы
B1	5.0	A	4	100%	Өте жақсы
	4.5	A	4	95%	Өте жақсы
	4.0	A-	3,67	90%	Өте жақсы

15. Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені комиссия хатшысы меңгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы мәліметтерді олардың атауын, академиялық кредиттердегі көлемін және (немесе) сағатын, бағалауын және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін білім алушының транскриптіне қайта есептеу туралы көрсете отырып енгізу үшін тіркеуші кеңсенің блогына береді.

16. Білім алушы келесі академиялық кезеңдерде танылған оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау және оқудан шығару қағидалары

21. Білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау және оқудан шығару қағидалары

1. ТЖКБ білім алушыларын ауыстыру және қайта қабылдау [Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына](#) сәйкес жүргізіледі.

1. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары

2. Білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау осы қағидалары Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары, оның ішінде бірлескен білім беру бағдарламалары үшін ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару тәртібін айқындайды.

3. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір оқыту тілінен екіншісіне, курстан курсқа жүзеге асырылады. Білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

4. Білім алушы ауыстырылады немесе үміткер оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылданады, егер ол бір академиялық кезеңін толық аяқтаған болса.

5. Үміткер оқудан шығару мерзіміне қарамастан кез келген білім беру ұйымына қайта қабылданады, бұл ретте академиялық үлгерімсіздігі үшін оқудан шығарылғандар "ҚМУ" КеАҚ білім беру бағдарламаларына екі реттен артық емес қайта қабылдану мүмкін.

6. Білім беру гранты бойынша білім алушы білім беру грантын сақтай отырып, басқа білім беру ұйымына ауыса алады. Ұлттық ЖЖОКБҰ-ға ауысу білім алушылар білім беру гранты құнының айырмасын қосымша төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

7. Резидентурада білім алушыларды басқа білім беру ұйымына немесе ғылыми орталыққа немесе ғылыми-зерттеу институтына ауыстыру [Резидентурада медицина кадрларын даярлау қағидаларына](#) сәйкес жүзеге асырылады.

8. Университетке ауысу және қайта қабылдау бойынша құжаттарды қабылдауды Студенттерге қызмет көрсету орталығы жүзеге асырады:

1) қысқы каникул кезеңінде – академиялық күнтізбеге сәйкес кезекті академиялық кезең басталғанға дейінгі бес жұмыс күні ішінде;

2) жазғы каникул кезеңінде:

- резиденттер үшін – ағымдағы жылдың 1–10 тамызы аралығында;
- визалық режимі бар елдердің азаматтары үшін – ағымдағы жылдың 15 шілдесінен 5 тамызына дейін;
- қалған білім алушылар үшін – ағымдағы жылдың 25 шілдесінен 5 тамызына дейін,

9. Құжаттар қабылданғаннан кейін ауысу немесе оқуға қайта қабылдау туралы шешім 2 жұмыс күні ішінде қабылданады.

10. Ауысу немесе оқуға қайта қабылдау кезінде Студенттерге қызмет көрсету

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау және оқудан шығару қағидалары

орталығына ұсынылатын құжаттар тізімі:

1) жеке басын куәландыратын құжат (көшірме, шетел азаматтары үшін – нотариус куәландырылған аудармасы бар көшірме, және жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы қажет);

2) білім туралы құжат (түпнұсқасы – шетелдік білім беру ұйымдары үшін, көшірмесі – отандық ЖЖОКБҰ үшін);

3) шетелдік білім беру ұйымы берген білім туралы құжатты тану туралы куәлік (түпнұсқа);

4) транскрипт (түпнұсқасы – шетелдік білім беру ұйымдары үшін, көшірмесі – отандық ЖЖОКБҰ үшін);

5) түсу емтиханының нәтижесі (түпнұсқасы – шетелдік білім беру ұйымдары үшін, ҰБТ сертификатының көшірмесі – отандық ЖЖОКБҰ үшін);

6) арнайы емтиханның нәтижесі («Медицина/Жалпы медицина», «Стоматология», «Мейіргер ісі», «Педиатрия», «Медициналық профилактикалық іс» білім беру бағдарламалары үшін);

7) портфолио (резидентураның білім беру бағдарламалары үшін);

8) ағымдағы оқу жылының қысқы және жазғы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша стипендия есептеу туралы бұйрықтардың көшірмелері (грант бойынша білім алушылар үшін).

11. Тізбеде көрсетілген барлық құжаттар ұсынылмаған жағдайда және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайларда Студенттерге қызмет көрсету орталығы құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

12. Білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарын (оқу құнын төлемеген) бұзғаны үшін семестр ішінде оқудан шығарылған білім алушыларды ақылы негізде қайта қабылдау оқудан шығарылған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде берешегі толық өтелген жағдайда мүмкін болады, төлем бойынша берешекті уақтылы өтеген кезде университет үш жұмыс күні ішінде оқуға қайта қабылдау туралы бұйрық шығарады.

13. «Медицина/Жалпы медицина», «Стоматология», «Мейіргер ісі», «Педиатрия» немесе «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасына басқа ББ-нан ауысу кезде арнайы емтиханның нәтижесі (рұқсат ведомосінен үзінді) талап етіледі.

14. Бір білім беру бағдарламасынан екінші ББ-на ауысу, оқуға қайта қабылдану немесе басқа ЖЖОКБҰ-дан «ҚМУ» КеАҚ білім беру бағдарламаларына ауысу барысында «Медицина», «Педиатрия» немесе «Стоматология» білім беру бағдарламаларына үміткерлерді ауыстыру түсудің тиісті жылының конкурс нәтижелеріне тең немесе жоғары ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады, қалған ББ-ларына үміткерлер үшін ҰБТ нәтижесі [Үлгілік қағидаларға](#) сәйкес белгіленген шекті балдан төмен болмауы тиіс. Осы шарттар бойынша оқу жылы аяқталғанға дейін ҰБТ-ның шекті деңгейін жинамаған ретінде бұрын оқудан шығарылған тұлғаларды оқуға қайта қабылдауы жүргізіледі.

15. Жақын шетел азаматтарын «Медицина», «Педиатрия» немесе «Стоматология» білім беру бағдарламаларына ауыстыру немесе оқуға қайта қабылдау кезінде аттестаттың/дипломның орташа балы 4,5-тен кем болмауы тиіс.

16. Ауысу және қайта қабылдау кезінде Мектеп білім беру бағдарламасының дайындық бағыты мен бейінін, бос орындар санын, оқыту тілін, білім алушының оқу жетістіктерін (бүкіл оқу кезеңіндегі GPA), сондай-ақ білім алушылардың академиялық

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау және оқудан шығару қағидалары

адалдығын бұзу жағдайларын, сонымен қатар академиялық айырмашылықты ескереді.

17. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар кадрларды даярлау үшін "ҚМУ" КеАҚ-ға бекітілген өңірлерде (Қарағанды, Қостанай, Ұлытау және Қызылорда облыстары) тұрақты тұратын тұлғалардың ауысу және қайта қабылдау кезінде басым құқығы бар.

18. Ауысу және қайта қабылдауға арналған бос орындарының саны мектептің/факультеттің/институттың кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарына, білім алушылар контингентіне қарай айқындалады. Бос орындарының саны туралы ақпарат университет сайтында қысқы демалыс басталғанға дейін бір апта бұрын және жазда 10 шілдеге дейін орналастырылады.

19. Үміткердің бүкіл оқу кезеңіндегі GPA мыналарды құрауы керек:

Білім беру бағдарламасы	«Медицина/ Жалпы медицина», «Педиатрия», «Стоматология» ББ	Бакалавриаттың қалған ББ	Резидентураның ББ
«ҚМУ» КеАҚ басқа ББ-ларының үміткерлері үшін	2,75	2,75	-
Басқа ЖЖОКБҰ үміткерлері үшін (білім беру тілі – қазақ, орыс)	3,0	2,75	3,33
Басқа ЖЖОКБҰ үміткерлері үшін (білім беру тілі – ағылшын)	2,5	-	-

20. Резиденттерді келесі курсқа көшіру жеке оқу жоспарының талаптарын толық орындаған және ауысу балын (GPA) – 2,33 көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

21. Бакалавриат, магистратура және докторантура білім алушыларын келесі курсқа ауыстыру олар жеке оқу жоспарының талаптарын толық орындаған жағдайда жүзеге асырылады.

22. Интернатураға «Жалпы медицина», «Стоматология» және «Педиатрия» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавр дипломы бар тұлғалар ауыстырылады.

23. Білім алушыны оқытудың ақылы негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына және «ҚМУ» КеАҚ Академиялық саясатының Бос білім беру гранттарын беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Ауысу және оқуға қайта қабылдау кезінде Мектеп академиялық айырмашылықты оқу нәтижелерін, алған құзыреттіліктерін және үміткер бұрын оқыған пәндер мен мәлімделген білім беру бағдарламасының пәндерін салыстыру және теңдестіру арқылы анықтайды. Бағдарламалардың көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін 30 академиялық сағат қабылданады. Таңдау компонентінің пәндері бойынша оқыту мазмұны мен нәтижелерінің сәйкестігін бағалау жүргізілмейді және игерілген кредиттердің саны үміткерге есептеледі.

25. Ауысу немесе оқуға қайта қабылдау кезінде білім алушының жеке оқу жоспарын қалыптастырудың екі нұсқасы мүмкін:

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау және оқудан шығару қағидалары

1) кредиттердің көлемі үлкенірек – ағымдағы оқу жылындағы академиялық айырмашылықты ескере отырып кредиттердің жалпы көлемі 72, ал резидентурада-80 кредиттен аспауға тиіс;

2) кредиттердің көлемі азырақ – академиялық айырмашылықты ескере отырып, ағымдағы оқу жылында оқуға арналған кредиттер көлемі кемінде 25 кредитті (қысқы демалыс кезінде ауысу немесе оқуға қайта қабылдау кезінде семестрге кемінде 13 кредит) құрауға тиіс, бұл ретте ағымдағы оқу жылында немесе семестрде танылған кредиттер мен оқуға арналған кредиттердің сомасы тиісінше 60 немесе 30 кредитті құрауға тиіс.

26. Білім алушыны басқа білім беру ұйымына ауыстырған жағдайда "ҚМУ" КеАҚ-мен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт бұзылуы тиіс, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстырған жағдайда білім беру қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт жасалады.

2. Білім алушыларды оқудан шығару қағидалары

27. Білім алушы келесі жағдайларда университеттен шығарылуы мүмкін:

1) академиялық үлгерімсіздігі үшін:

– пререквизиттік пәндер бойынша академиялық қарыздың болуы, яғни жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, жеке оқу жоспарының талаптарын орындамау;

– қысқы немесе жазғы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша бакалавриатта, интернатурада, магистратурада немесе докторантурада 12 кредиттен жоғары академиялық қарыздың болуы;

– жазғы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша бакалавриат, интернатурада, магистратура немесе докторантураның соңғы курсына академиялық қарыздың болуы;

– жазғы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша резидентурада академиялық қарыздың болуы;

– ғылыми жетекшінің "дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жол берілмейді" деген теріс қорытындысының болуы;

– алдын ала қорғауда магистрантқа берілген ескертулерді белгіленген мерзімде жоймау және (немесе) ғылыми жетекшінің теріс пікірінің болуы;

– тәуелсіз емтихан шеңберінде өзін-өзі бағалау нәтижесі "Қоғамдық денсаулық", "Мейіргер ісі" немесе "Фармация" ББ бойынша бакалавриат білім алушылары үшін 50%-дан төмен, немесе интерндер үшін 60%-дан төмен, немесе резиденттер үшін 70%-дан төмен болуы;

– қорытынды аттестаттау бойынша қанағаттанарлықсыз баға алу;

2) академиялық адалдық қағидастарын бұзғаны үшін, оның ішінде:

– білім алушы бітіру жұмысын ғылыми жетекшіге қайта ұсынған кезде белгіленген мәндерден асатын көлемде плагиат анықталған жағдайда;

– білім алушы оның университетке түсуіне және/немесе оқуына байланысты жалған құжаттар немесе көрінеу жалған мәліметтер ұсынылған жағдайда;

– білім алушы адалдық, мінез-құлық нормалары, адамгершілік, этика және мораль туралы жалпы түсініктерге сәйкес келмейтін іс-әрекет/әрекетсіздік жасаған жағдайда;

– білім алушы университеттің іскерлік беделіне нұқсан келтірген іс-әрекеттер жасаған жағдайда;

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ-ға қабылдау қағидалары, білім алушылардың ілгерілеуі, тану және сертификаттау

Білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау және оқудан шығару қағидалары

3) Еңбек (ішкі) тәртіп қағидаларын және университеттің Жарғысын бұзғаны үшін, оның ішінде:

- бекітілген мерзімдерге сәйкес сабаққа кіріспегендер ретінде;
- көрсетілген уақытта академиялық демалыстан шықпауына байланысты;

– "ҚМУ" КеАҚ жарғысында, еңбек (ішкі) тәртібі қағидаларында және жатақханалардың қызметі туралы ережеде, жатақханада орын беру туралы шартта; жатақханалардың қызметі туралы Ережеде көзделген білім алушының міндеттерін бір рет өрескел бұзғаны үшін;

– "ҚМУ" КеАҚ жарғысында, еңбек (ішкі) тәртібі қағидаларында және жатақханалардың қызметі туралы ережеде, жатақханада орын беру туралы шартта көзделген білім алушының міндеттерін жүйелі түрде бұзғаны үшін құқық бұзушыға бұрын тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылған жағдайда;

– білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;

4) өз қалауы бойынша, оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысуына байланысты;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша, оның ішінде:

– қайтыс болуына байланысты, сондай-ақ сот шешімі бойынша хабар-ошарсыз кетті немесе қайтыс болды деп танылған жағдайда;

– білім алушы бас бостандығынан айырылған немесе оқуын жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын өзге де жазаға сотталған сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда;

– оқу жылының қаңтар-тамыз аралығында өткізілген ҰБТ нәтижелері бойынша талап етілетін шекті баллға қол жеткізе алмағандар ретінде.

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ қабылдау ережелері, білім алушылардың үлгерімі, тану және сертификаттау Білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары

22. Білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары

1. Білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, атап айтқанда [«Білім туралы»](#) ҚР заңымен, [«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы»](#) ҚР заңымен, [Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен](#), [Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларымен](#), [«ҚМУ» КеАҚ еңбек \(ішкі\) тәртібінің қағидаларымен](#) сәйкес әзірленді және білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібін айқындайды.

1.ТЖКБ білім алушыларына академиялық демалыс беру тәртібі

2. ТЖКБ білім алушыларына академиялық демалыс [техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларына](#) сәйкес беріледі:

1) [ҚР ДСМ бұйрығымен](#) бекітілген № 026/у нысанына сәйкес науқастануы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйымның (бұдан әрі-ДКК) жанындағы дәрігерлік – консультативтік комиссияның қорытындысы;

2) [ҚР ДСМ бұйрығымен](#) бекітілген № ТБ 014/е нысанына сәйкес ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымның орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімдері;

3) әскери қызметке шақырылған жағдайда [Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларымен](#) бекітілген нысан бойынша әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазы;

4) ҚР ӘМ бұйрығымен бекітілген нысан бойынша баланың (балалардың) үш жасқа толғанға дейін туу туралы куәлігі(тері).

3. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» мемлекеттік қызметін алу үшін білім алушы не оның заңды өкілі Студенттерге қызмет көрсету орталығына немесе «Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы"» коммерциялық емес акционерлік қоғамына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) [үлгі](#) бойынша өтініш;

2) негіздерге байланысты тиісті құжат;

3) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін қажет).

4. Білім алушы құжаттарды толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, құжаттардың дұрыс еместігі анықталған, олардың [Қағидаларда](#) белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Студенттерге қызмет көрсету орталығының маманы [құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы колхат](#) береді.

5. Құжаттарды қабылдау кезінде Студенттерге қызмет көрсету орталығының маманы өтініш пен тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы [колхат](#) береді.

6. Ұсынылған құжаттар негізінде оң шешім қабылданған жағдайда екі жұмыс күні ішінде білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарылады, оның басталу және аяқталу мерзімдері көрсетіледі, бұйрықтың көшірмесі білім алушыға не оның заңды өкіліне қол қойғызып беріледі, не пошта жөнелтілімі арқылы пошта

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ қабылдау ережелері, білім алушылардың үлгерімі, тану және сертификаттау Білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары

мекенжайы бойынша не білім алушының жазбаша өтініші бойынша электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

7. Академиялық демалыстан шыққаннан кейін білім алушы (не оның заңды өкілі):

1) Басқарма Төрағасы-ректордың атына [үлгі](#) бойынша өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) осы мамандық бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігін растайтын құжат ([ҚР ДСМ бұйрығымен](#) бекітілген № 026/е нысан бойынша денсаулық сақтау ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДКК/ОДКК анықтамасы, немесе [әскери билет](#), немесе [баланың \(балалардың\) туу туралы куәлігі\(тері\)](#)).

8. Ұсынылған құжаттардың негізінде құжаттарды тапсырған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мамандық, курс және топ көрсетіле отырып, білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарылады.

22. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларына академиялық демалыс беру тәртібі

9. Академиялық демалыс білім алушыларға сырқаты бойынша амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы негізінде (ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі), немесе әскери қызметке шақыру негізінде, немесе бала(лар) үш жасқа толғанға дейін оның тууы туралы куәлігі(тері) негізінде беріледі.

10. Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы (не оның заңды өкілі) Студенттерге қызмет көрсету орталығына немесе [«Platonus» ААЖ](#) жеке кабинетінде ұсынады:

1) Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш;

2) академиялық демалыс беру үшін негіз болып табылатын құжат (бетпе-бет берген кезде – түпнұсқа, «Platonus» ААЖ жеке кабинетінде берген кезде – сканерленген түрде);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке өзі жүгінген кезде).

11. Білім алушы құжаттарды толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, құжаттардың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, Студенттерге қызмет көрсету орталығының маманы құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

12. Ұсынылған құжаттар негізінде оң шешім қабылданған жағдайда екі жұмыс күні ішінде білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарылады, оның басталу және аяқталу мерзімдері көрсетіледі.

13. Академиялық демалыстан шыққан кезде білім алушы (не оның заңды өкілі) Студенттерге қызмет көрсету орталығына немесе [«Platonus» ААЖ](#) жеке кабинетінде ұсынады:

1) Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш;

2) осы мамандық бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігін растайтын құжат (бетпе-бет берген кезде – түпнұсқа, «Platonus» ААЖ жеке кабинетінде берген кезде – сканерленген түрде: [ДКК/ОДКК анықтамасы](#), [әскери билет](#) немесе [баланың \(балалардың\) туу туралы куәлігі\(тері\)](#));

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке өзі жүгінген кезде).

Академиялық саясат

«ҚМУ» КеАҚ қабылдау ережелері, білім алушылардың үлгерімі, тану және сертификаттау Білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары

14. Ұсынылған құжаттардың негізінде құжаттарды тапсырған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде білім алушының білім беру бағдарламасын, курсы және тобын көрсете отырып, академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарылады.

15. Экономика және қаржы департаменті мемлекеттік білім беру гранты/тапсырысы бойынша білім алушының академиялық демалысынан шығу туралы бұйрықтың көшірмесін уәкілетті органға осы бағдарламаны қаржыландырудың тиісті сомасы мен мерзімдерін түзету үшін келесі айдың 5-күніне дейін жібереді.

16. Академиялық демалыстан оралған мемлекеттік білім беру гранты/тапсырысы бойынша білім алушыларға [Қағидаларға](#) сәйкес белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.ТЖКБ, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушысының академиялық демалысынан шыққаннан кейін оқуды жалғастыру тәртібі

17. Академиялық демалыстан оралған кезде білім алушы осы демалысты ресімдеген курстан (және академиялық кезеңнен) оқуын жалғастырады.

18. Курстар мен мамандықтар бойынша тиісті топ болмаған жағдайда ТЖКБ білім алушысына оқытуды басқа техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жалғастыруға болады.

19. Мектеп/факультет деканы академиялық айырмашылықты анықтайды және егер академиялық демалыс кезінде білім беру бағдарламасының мазмұнында өзгерістер болса, білім алушы эдвайзермен және/немесе деканмен/мектеп/факультет деканының орынбасарымен бірлесіп, академиялық демалыс үзілген академиялық кезеңнен бастап оқуды қайта бастауға мүмкіндік беретін жеке оқу жоспарын жасайды.

20. Академиялық айырмашылық пәндерін көрсете отырып, білім алушының жеке оқу жоспарын тіркеушісі кеңсесінің блогымен келісім бойынша бейінді мектеп/факультет деканы бекітеді. Академиялық айырмашылық пәндерін білім алушы семестрдің оқу сабақтарымен қатар немесе жазғы семестрде оқи алады.

21. Егер берілген академиялық демалыс мерзімі аяқталса, бірақ денсаулық жағдайы бойынша академиялық демалыста жүрген білім алушы ауыра берсе, ол ауруына байланысты академиялық демалысты ұзартуға өтініш беруі қажет. Ол үшін білім алушы (не оның заңды өкілі) Студенттерге қызмет көрсету орталығына немесе «Platonus» ААЖ жеке кабинетінде Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш және ДКК жаңа қорытындысын береді.

22. Егер академиялық демалыстан шыққан білім алушы оқуды қайта бастаған кезде қайтадан ауырып қалған жағдайда, ол ДКК/ОДКК қорытындысын қайта ұсынуға және академиялық демалыс беруге өтініш беруге тиіс.

23. Академиялық демалысты аяқтағаннан кейін оралмаған білім алушы академиялық демалыстың аяқтаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оқудан шығарылуы тиіс.

Академиялық саясат

Білім беру ресурстары және білім алушыларды

қолдау жүйесі

Білім алушыларға академиялық кеңес беру

23. Білім алушыларға академиялық кеңес беру

1. Университетте білім алушыларға академиялық, педагогикалық, психологиялық қолдауды іске асыру және қамтамасыз ету академиялық кеңес беру жүйесі (эдвайзерлік қызмет, кураторлық, тәлімгерлік және менторлық) арқылы жүзеге асырылады, оның қызметі университеттің осы Академиялық саясатымен реттеледі.

2. Академиялық кеңесшілер (эдвайзерлер, кураторлар, тәлімгерлер) әр оқу жылына мектеп/факультет деканының өкімімен университетте кәсіби тәжірибесі мен педагогикалық жұмыс өтілі бар ПОҚ қатарынан тағайындалады.

3. Академиялық кеңес беру жеке-бағдарланған білім беру процесін іске асыру жағдайында оқытудың барлық кезеңінде жүргізіледі және тиісті білім беру бағдарламаларын игеру кезінде білім алушыларды қолдаудың негізгі түрлерінің бірі болып табылады.

4. Академиялық кеңесші:

1) білім алушылардың академиялық мүдделерін білдіреді, білім беру, тәрбие, клиникалық үдерісті ұйымдастыру бойынша қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысады;

2) білім алушыларға университетте іске асырылатын кәсіптік білім беру бағдарламалары туралы, жеке-бағдарланған білім беру процесін ұйымдастыру туралы ақпараттық материалдар ұсынады;

3) жеке оқу жоспарларын жасауға және түзетуге жәрдемдесу арқылы жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға көмек көрсетеді;

4) даярлаудың осы бағыты бойынша оқыту үшін қажетті барлық әдістемелік материалдардың дайындалуын және болуын бақылайды, оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларын жасауға қатысады;

5) студенттерге жеке оқу жоспарларын қалыптастыру және іске асыру, болашақ мансап мәселелеріне жетекшілік ету, ғылыми зерттеулердің бағыттарын айқындау, ғылыми басшыны таңдау, бітіру жұмысының тақырыбы, кәсіптік практика базасын айқындау мәселелері бойынша кеңес береді, ол үшін оқу жылы ішінде тұрақты негізде академиялық консультациялар өткізу көзделеді;

6) студенттердің үлгерімі мен академиялық мәртебесі мәселелерін қарайтын түрлі комиссиялардың жұмысына қатысады;

7) білім алушылардың қызметін регламенттейтін нормативтік-ұйымдастырушылық материалдарды әзірлеуге қатысады.

5. Академиялық кеңесшінің жұмысы туралы мәліметтер ашық болып табылады және университеттің [студенттік порталында](#) жарияланады.

Академиялық саясат

Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі

Білім беру ресурстарын жоспарлау және қамтамасыз ету

24. Білім беру ресурстарын жоспарлау және қамтамасыз ету

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін «ҚМУ» КеАҚ іске асырылатын әрбір білім беру бағдарламасының жеткілікті және талаптарына сәйкес ресурстарға ие. «ҚМУ» КеАҚ-ның материалдық-техникалық, ақпараттық-коммуникациялық ресурстармен, клиникалық даярлау және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін ресурстармен қамтамасыз етілуі білім беру қызметін жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады. Білім беру бағдарламаларын жоспарлау және жобалау кезінде «ҚМУ» КеАҚ білім беру ресурстарына тұрақты негізде аудит және мониторинг жүргізеді. Білім алушылар оқытудың барлық материалдық ресурстарына қол жеткізе алады, оларға мыналар жатады: кітапхана, зертханалар, аудиториялар, ғылыми-сынақ зертханалары, оқытудың техникалық құралдары, спорт ғимараттары және білім беру процесінде пайдаланылатын басқа да ресурстар.

2. Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі болып табылады. «ҚМУ» КеАҚ білім алушыларды электрондық кітапханаларда орналастырылатын халықаралық көздерді қоса алғанда, кітапхана қорларына, ақпараттық дерекқорларға еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3. «ҚМУ» КеАҚ-да web-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасы құрылды және үнемі жетілдіріліп отырады.

4. Білім алушыларды практикалық даярлауды қамтамасыз ету үшін «ҚМУ» КеАҚ клиникалық базалары, оның ішінде өз базалары бар.

5. Білім беру бағдарламалары шеңберінде білім алушылар мен ПОҚ ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін «ҚМУ» КеАҚ ғылыми ұйымдармен және білім беру ұйымдарымен, оның ішінде шетелдік ұйымдармен берік жолға қойылған әріптестік қатынастарға ие.

6. Міндетті шарт ретінде ЖОКБ бағдарламаларын іске асыру үшін «ҚМУ» КеАҚ-да зерттелетін саладағы ғылыми басымдықтарға сәйкес өзекті ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобалары бар.

7. Жоспарлау, білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету рәсімдерін білім беру бағдарламаларының қажеттілігін талдау негізінде «ҚМУ» КеАҚ дербес айқындайды.

2. ПОҚ жұмысын жоспарлау және есепке алу (оқу жүктемесін жоспарлау, сағаттарды есептеу, оқу жүктемесін орындау мониторингі)

8. Университетте оқу жұмысының келесі түрлері белгіленеді:

- 1) дәрістер;
- 2) семинарлар;
- 3) практикалық сабақтар;
- 4) зертханалық жұмыстар;
- 5) білім алушылардың өзіндік жұмыстары;
- 6) оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы;
- 7) практика (оқу, оқу-таныстыру, педагогикалық, далалық, кәсіптік, өндірістік,

Академиялық саясат

Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі

Білім беру ресурстарын жоспарлау және қамтамасыз ету

диплом алдындағы және т. б.);

8) дипломдық жұмысты/жобаны жазу мен қорғау;

9) магистрлік диссертацияны/жобаны жазу мен қорғау;

10) докторлық диссертацияны жазу мен қорғау;

11) бақылау іс-шаралары (аралық, академиялық және қорытынды аттестаттау, оның ішінде консультациялар).

9. Оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын «ҚМУ» КеАҚ дербес әзірлейді және жыл сайын қайта қаралады.

10. Профессорлық-педагогикалық құрамның педагогикалық жүктемесін жоспарлау оқу жылына жүргізіледі. Оқу жүктемесі әр пән бойынша сабақ түрлері бойынша (дәрістер, практикалық сабақтар, ОББӨЖ, зертханалық жұмыстар және т. б.), сондай – ақ жұмыстың барлық түрлері бойынша-дипломдық жобаларды (жұмыстарды), практикаларды және т. б. басшылыққа ала отырып есептеледі. Дәрістер профессорларға, қауымдастырылған профессорларға және профессорлардың ассистенттеріне жоспарланған. Университет дәріс оқуға өндірістің тәжірибелі мамандарын, тиісті қызмет саласының практикалық қызметкерлерін тарта алады. Семинарларды, практикалық сабақтарды және зертханалық жұмыстарды оқытушылар мен ассистенттер жүргізе алады. Жүктемені есептеу кезінде білім алушылардың есептік жоспарлы санынан, сабақтың әрбір түрі бойынша ағындардың толымдылығынан және жүктемені есептеу сәтіндегі жағдай бойынша кесте жобасынан негізделеді. ПОҚ-ның алдағы оқу жылына арналған оқу жүктемесін жоспарлы есептеу әр жылдың мамыр айында жүргізіледі. 25 тамызға қарай барлық білім беру бағдарламаларының 1 курс жиынтығын ескере отырып, сондай-ақ басқа параметрлердегі ықтимал өзгерістерді ескере отырып түзету жүргізіледі. ПОҚ оқу жүктемесінің есебін академиялық жұмыс жөніндегі проректор әр жылдың тамыз айында бекітеді. Оқу жүктемесінің жоспарланған көлемінің, профессор-оқытушылар құрамының бекітілген штат санының және жылдық оқу жүктемесінің уақыт нормаларының негізінде кафедра меңгерушілері мен мектеп басшылары академиялық жұмыс жөніндегі проректордың келісімі бойынша оқытушының біліктілік деңгейі мен мамандануын ескере отырып, алдағы жылға арналған әрбір оқытушы үшін оқу жүктемесінің нақты мөлшерін айқындайды.

11. Оқытушылар [«Platonus» ААЖ](#)-да жеке жоспарларын толтырады. Толтыру тәртібі «Оқытушының жеке жұмыс жоспары туралы ережесімен» реттеледі.

Академиялық саясат

Білім беру ресурстары және білім алушыларды

қолдау жүйесі

Қашықтықтан оқыту туралы ереже

25. Қашықтықтан оқыту туралы ереже

1. «ҚМУ» КеАҚ-да қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) бойынша оқу процесін ұйымдастыру [«Білім туралы»](#) Қазақстан Республикасының Заңына, [Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына](#), [Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына](#) сәйкес жүзеге асырылады.

2. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының [37-2-бабының 2-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуға жол берілмейді.

3. Университет қашықтан оқытуды ұсынады:

1) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;

2) қатысу кезеңіне арналған халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға;

3) «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» және «Өндірістік және өңдеу салалары» кадрларын даярлау бағыттары бойынша білім алушыларға бүкіл оқу кезеңінде пәндердің жалпы санының елу пайызынан аспайтын көлемде. Бұл ретте қашықтықтан оқыту үшін жіберілетін пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін мектептер дербес айқындайды және Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4. ҚБТ қолданылуы мүмкін адамдар санатынан білім алушылар және ҚБТ пайдалана отырып оқуға ниет білдіргендер Басқарма Төрағасы-ректордың атына ҚБТ пайдалана отырып оқуға рұқсат беру туралы еркін нысанда өтініш береді, оның негізінде бұйрық шығарылады. Университет білім алушыға жұмыс оқу жоспары негізінде әзірленетін жеке оқу жоспарын және ББ игеру кестесін қамтамасыз етеді.

5. Білім беру бағдарламаларын немесе олардың бөліктерін ҚБТ Университетін пайдалана отырып іске асыру кезінде білім алушылардың орналасқан жеріне қарамастан білім алушылардың білім беру бағдарламаларын немесе олардың бөліктерін толық көлемде игеруін қамтамасыз ететін ақпараттық-білім беру ортасының білім беру интернет-порталының жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасайды; оқу процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеуді көрсету тәртібін, оның ішінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтықтан көрсетілетін жеке консультациялар нысанында айқындайды; педагогтің білім алушымен тікелей өзара іс-қимылы жолымен жүргізілетін сабақтар көлемінің және ҚБТ қолдана отырып сабақтар көлемінің арақатынасын айқындайды; білім алушылардың барлық оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар, тестілеу жүйесі орналасқан ақпараттық жүйеге, электрондық ресурстар мен көздерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді; білім беру процесіне қатысушылардың іс-әрекеттеріне тәуелді емес мән-жайлар туындаған кезде басқарушылық шешімдер қабылдайды.

6. ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімше тиісті ББ іске асыратын мектеп болып табылады. Цифрлық білім беру ресурстарын дайындауды оларды әзірлеушілер білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады және мыналарды қамтиды: цифрлық оқу материалдары, электрондық білім беру платформалары. Қашықтан оқытуды қолдана отырып пәндерді оқу кезінде ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, оқу сабақтары оқытудың синхронды форматы арқылы жүргізіледі.

Академиялық саясат

Білім беру ресурстары және білім алушыларды
қолдау жүйесі

Қашықтықтан оқыту туралы ереже

7. ҚБТ қолдану арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту кезінде ақпаратты қабылдау-беру олар үшін қолжетімді нысандарда жүзеге асырылады.

Академиялық саясат

Білім беру ресурстары және білім алушыларды

қолдау жүйесі

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру қағидалары

26. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру қағидалары

1. Осы ережеде ТжКБ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларына, Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына және «ҚМУ» КеАҚ еңбек (ішкі) тәртібі қағидаларына сәйкес айқындайды.

2. Практиканы өткізу кезеңдері, ұзақтығы және өткізу мерзімдері мамандықтар/білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарларына, академиялық күнтізбелерге, кәсіптік практика бағдарламаларына, білім алушылардың жеке оқу жоспарларына сәйкес белгіленеді. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде академиялық кезеңнен бөлек, сондай-ақ академиялық кезеңмен қатар кәсіптік практиканы енгізуге жол беріледі.

3. Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы және зерттеу болып табылады. Практиканың мазмұны білім беру бағдарламаларына сәйкес кәсіптік практика бағдарламаларымен анықталады. Кәсіптік практиканы өткізу үшін мектептер/факультет/институт кәсіпорындармен (ұйымдармен) келісім бойынша практикадан өту бағдарламалары мен кестелерін бекітеді.

4. Білім алушылардың практикадан өтуі үшін негіздеме: ТжКБ үшін – Басқарма Төрағасының-Ректордың бұйрығы, ЖБ және ЖООКБ үшін – деканның өкімі болып табылады (өту мерзімдері, практика базасы және жетекшілері көрсетілген).

5. Практиканы өтуді жоспарлаудың негізгі элементтері:

1) кәсіптік практика бағдарламасы;

2) практикадан өту кестесі;

3) практикадан өтуге Басқарма Төрағасының-Ректордың бұйрығы немесе деканның өкімі;

4) практикадан өтуге арналған шарт.

6. Оқу практикасы осы мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын кафедра мен мектепке/факультетке бекітіледі.

7. Кәсіптік практикадан өту кезінде білім алушыларға университеттің және кәсіпорынның (ұйымның) жетекшілері тағайындалады. Қажет болған жағдайда кеңесшілер тағайындалады.

8. Мамандыққа/білім беру бағдарламасына байланысты оқу практикасы оқу және оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу-көмекші объектілерде, сондай-ақ кафедраларда, денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында, зертханаларда, дәріханаларда және басқа да базаларда өткізіледі. Кәсіптік практика кәсіпорындарда (ұйымдарда) келісім негізінде жұмыс берушілер ұсынатын мамандық/білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес

Академиялық саясат

